J. Robert Cox and Charles Arthur Willard, eds. *Advances in Argumentation Theory and Research* 1982.

ИНТЕГРАЛЬНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ | это... Что такое ИНТЕГРАЛЬНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ? (academic.ru)

[https://www.education.sa.gov.au/docs/curriculum/tfel/tfel-resource-library/an\\_outline\\_of\\_integral\\_learning.pdf](https://www.education.sa.gov.au/docs/curriculum/tfel/tfel-resource-library/an_outline_of_integral_learning.pdf)



## ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҮПҚАЗЫҒЫ - ЕЛОРДАНЫ АЛМАТЫДАН АҚМОЛАҒА КӨШІРУДІҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

**МАНАТБЕКОВ Жуман Манатбекович**


Назарбаев Зияткерлік Мектебі

Өскемен, Қазақстан

Manatbekov\_zh@ukk.nis.edu.kz

Нұр-Сұлтан қаласының Елбасы төлтумасы ретінде қалыптасуы – елімізде, тіпті әлемдік қауымдастықта қызу талқыланатын тақырып. Алайда Қазақстан халқы әлі де елорданы көшірудің саяси-экономикалық маңызын терең түсіне бермейді. Менің бұл ойыма шағын зерттеуімнің қорытындысы дәлел бола алады.

Респонденттердің осы реформа жайлы не ойлайтынын білу үшін Өскемен, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының тұрғындарынан (176 адам) онлайн сауалнама алдым. Сауалнаманың мақсаты: Елорданы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру шешіміне тұрғындардың көзқарасын білу және оның себептерін сараптау. Сауалнама менің болжамдарымды растады. Сауалнамадан өткен Өскемен қаласы тұрғындарының 83%-ы, Алматы қаласы тұрғындарының 79%-ы, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының 89%-ы Елбасы шешімін қолдайды (1-сурет). Бұл қорытындыға өзім іштей риза болдым, өйткені Қазақстан тарихы пәнінен 10-сыныпта «Елбасының астананы көшіру шешімі неліктен қабылданды?» тақырыбын талқылағанда саяси-экономикалық және географиялық тұрғыдан бұл шешіммен толық келіскен едім. Ал Елорданы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру себептерін респонденттер ашып көрсете алмады. Олар тек географиялық факторларды, атап айтқанда: Алматы қаласының сейсмикалық қауіпті аймақ болуы, экологиялық ластану мөлшерінің артуы, қала демография тығыздығының жоғарылауын атады. Мысалы, «Әйтеуір, Астана Еуразия ортасында орналасатынын білемін» деген де жауап кездесті.



1-сурет- Сауалнаманың қорытындысы

Әрине, қарапайым халық барлық саяси-экономикалық факторлармен таныс болмауы мүмкін, сондықтан Өскемен қаласында Шығыс Қазақстан облысы әкімі орынбасарының қатысуымен өткен «Еріктілер жылы» тақырыбындағы кездесуде осы тақырыпты одан әрі зерттеу мүмкіндігі туды. Алишер Мархабат мырзадан осы тақырыпта қысқа сұхбат алып, елорданы Ақмолаға көшірудің геосаяси және саяси-экономикалық себептерін сұрадым. Зерттеуіме мемлекеттік қызметкер пікірі құнды ақпарат бола алды. Алишер мырза негізгі үш маңызды факторға тоқталды:

- 1) Ақмола өңірінен ресейлік диаспора Отанына қайтып, сол жердегі демография күрт төмендеді, яғни ол жерге халықты көшіру қажеттілігі туындады;
- 2) Алматы қаласында жұмыссыздық мәселесі қарқынды өсе бастады, ал Ақмолада керісінше жұмыс күші жетіспеді;
- 3) Мемлекеттің индустриалдық-инновациялық даму жоспарын жүзеге асыруда Ақмола біршама маңызды рөл атқаратыны анықталды.


Әкім орынбасарының уақыты тығыз болғандықтан, сұхбатты кеңінен өрбітуге мүмкіндік болмады. Бұл сұхбаттан пайдасы мол ақпарат алдым, себебі ақпарат құралдарынан Алматыдағы жұмыссыздық мәселесі туралы мағлұматты кездестіре алмадым.

Тәуелсіз шағын зерттеуімнің қорытындысы қарапайым халыққа Елорданы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру себептерін насихаттау қажеттілігін тудырды. Елбасының «Еуразия жүрегінде» атты кітабын талдау арқылы «Елбасы бұндай шешімге қалай келді?» және «Не түрткі болды?» деген сұрақтарға жауап іздедім.

Автор тұжырымдарына сүйенсем Елорданы көшіру қажеттілігін екі жағдайға бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, неліктен Алматы астана статусына жарамады? Екіншісі, сәйкесінше, неге Ақмола Елорда атануға лайық болды? XX ғасырдың 90-жылдары Алматының ахуалы күрт нашарлады, себебі ол қала 700 мың тұрғынға жоспарланған еді, бірақ демографиялық көрсеткіші 1

миллионнан асып кетті. Жалғыз мегаполистің аумақтық ресурстары таусылып, ақырында халықты су, энергиямен қамтамасыз ету қиындай түсті, бұл жұмыссыздық мәселесіне де әкеліп соқты. Яғни, Алматының дамуы уақытша «биік таулармен қоршалып қалды». Сондай-ақ апорт Отаны сыртқы шекараларға өте жақын, ал кеңестік кезеңде Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас қазіргідей бейбіт болған жоқ, сондықтан экономикалық орталықтың әрі елорданың қауіпсіз ортада орналасу керек екені айдан анық болды. Алматының сейсмикалық қауіпті аймақ екенін де автор өз еңбегінде баса көрсеткен. Осы жағдайды түсінген Елбасымыз 1994 жылы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру бастамасын ұсынды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап белсенді түрде болашақтағы жаңа астананы іздестіру басталды. Болашақ елорданың әртүрлі нұсқалары қарастырылды: Қарағанды, Ақтөбе, Жезқазған... Ақмола әлеуетті елорда ретінде халықаралық стандарттар бойынша қойылатын барлық 32 талапқа: әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсмикалық шарттар, қоршаған орта, инженерлік және көлік-логистикалық торап, инфрақұрылым, құрылыс компаниясы, еңбек ресурстары мен геосаяси аспектілерге сай келді (2-сурет).



2-сурет- Елорданы Алматыдан –Ақмолаға көшіру себептері көрсетілген картасхема

Біріншіден, Ақмола қаласы Қазақстанның географиялық орталығында орналасқан. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында атап көрсеткендей: «Осы әрекетімен Қазақстан Солтүстікпен және Оңтүстікпен, Шығыспен және Батыспен тең құқықты ынтымақтастыққа ашықтығын паш етті». [1] Екіншіден, Ақмоланың көліктік қатынас жолдары ыңғайлы болды, яғни әуе жолы, теміржолдар мен автомобиль магистральдарының қиылысқан тұсында орналасты. Үшіншіден, қала төрт құбылаға тең өсе алатын еді, географиялық жағдай кез келген бағытта ұлғая дамуға мүмкіндік беретін. Ақмола қаласында сейсмикалық қауіп жоқ. Қаланың Есіл өзенінен жиналатын орасан зор су қоймасының болуы жаңа елорданы таңдаудың маңызды геосаяси өзегі болды.

Өзге мемлекет диаспораларының өз тарихи Отандарына көшіп кетуіне байланысты Ақмола қаласындағы тұрғындар санының күрт азаю қаупі туындады. Елорданы Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданған кезеңде мұнда небәрі 280 мың ғана адам тұратын еді, сондықтан Ақмоланың астанаға айналуы ішкі миграция есебінен автохтонды халықтың Орталық Қазақстанға қоныс аударуына әкелді.

Сондай-ақ Ақмоланың таза әрі желдің өтінде тұрған, жазық жерде орналасқан қала ретінде экологиялық тұрғыдан ұтымдылығы басым және жасыл энергияны дамытуға оңтайлы. Менің ойымша, Ақмолада ғимараттардың аз болуы жаңа заманауи мекемелер мен тұрғын үйлерді салуға жол ашты.

Еліміздің төртінші астанасы – Ақмола қаласы әуелі 1998 жылы Астана, 2019 жылы 23-наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың №6 Жарлығымен «Нұр-Сұлтан» атауын иеленді. Бұл - Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегіне көрсетілген құрмет белгісі деп санаймын.

Нұр-Сұлтан қаласының 20 жылдық мерейтойына арналған Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің бағдарламалық сөзінде жаңа елордалық қаланың даму философиясын өте анық және бейнелі түрде айқындап берді:

«Еуразияның қақ ортасында салынған жаңа астананың модернизациялық миссиясы мол. Мұнда жаңа кеңістік, жаңа координаттар жүйесі, жаңа уақыт пайда болды. Бұл жалпы жаңару мен жаңа тәртіптің пайда болуына серпін береді. Бүгінде әлемге оппозиция қажет емес, үйлесім, даму



және ынтымақтастық қажет. Сондықтан елорда шығаратын ізгілік пен қазақстандық құндылықтардың нұры бүкіл планетаға тарайды және ризашылыққа ие болады». [2 ]

Шынымен де, жаңа астанамыздың әлемдік маңызы зор. Ол ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» атағын бекер алған жоқ. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан әлемдік маңызға ие түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің жүрегіне айналды. Қазақстанның елордасы бірнеше рет күллі жаһандық қоғамдастықтың басты назарына ілікті. Ресми деректерге сүйенсек, Нұр-Сұлтанда «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері», «Астана экономикалық форумы», «Сирия мәселесі бойынша Астана процестері», «Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы», ЕҚБҰ-ның, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның саммиттері және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар өтті. 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады. «Ехро-2017» халықаралық көрмесі баламалы энергияны дамыту жолында елімізді әлемге танытқан айтулы шара болды. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің идеясымен іргесі қаланған жаңа елорда қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналды.

Қорытындылай келе, Елбасының «Еуразия жүрегінде» атты кітабын талдау арқылы «Елбасы бұндай шешімге қалай келді?» және «Не түрткі болды?» деген сұрақтарға жауап таптым деп ойлаймын. Осы шағын зерттеуімді қолдана отырып, ел жұртшылығының астанаға қатысты танымдық білімдерін көтеруге болады деп есептеймін. Елордамыздың өркендеп келе жатқан қарқынына зер салсақ, оның әлемдегі ең тартымды әрі дүниежүзі алдында бейбітшілік пен келісім миссиясы зор қала екені анық. Сондықтан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың елорданы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіргені тарихта ойып аларлықтай із қалдырған, ең маңызды реформа деген ойдамын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

Назарбаев Н.Ә. «Еуразия жүрегінде».-Алматы:Атамұра, 2005.-192б.

Әмірова Г. Елорда мен Елбасы-егіз ұғым. <http://atr.kz/bez-rubriki/elbasy-men-elorda-egiz-%D2%B1%D2%93ym/>

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР**

**МАННАПОВ Ансар Мендикулович**

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал, Қазақстан

antiman1980@mail.ru

### **Түйіндеме**

Бұл мақалада әртүрлі дәстүрлер мен қоғамдарда дамудың шығу тегіне талдау нәтижесінде рухани адамгершілік ұғымына анықтама беріледі. Өнеге және адамгершілік ұғымдарына нақты тарихтан шолу жасасақ қоғамның дамуы мен өзгеріске ұшырайтындығын атап өту керек. Автор бұл мақалада жеке тұлғаның адамгершілік мәселесін зерттей отырып, педагогтың бұл үрдістегі рөлін атап өтеді. Рухани – адамгершілік тұлғаның сипаты және қасиеті ретінде мынадай сапалардан құралған: мейірімділік, адалдық, тәртіптіліктен тұратындығын ерекше баса айтуымыз керек. Рухани – адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушінің жас ерекшелігі мен жеке тұлғалық ерекшеліктері ескере отырып, оның жалпы адамдық құндылықтары мен нормаларына сәйкес келген кезде жалпы педагогикалық үрдіс ретінде жүзеге асады.

Кілт сөздер: жеке тұлға, тәрбие, адамгершілік, педагогикалық жетекшілік, қалыптасқан тұлға.

### **Аннотация**

В данной статье дается определение понятия духовно-нравственности в результате анализа происхождения развития в различных традициях и обществах. Следует отметить, что если мы проведем обзор нравственных и нравственных понятий из реальной истории, общество будет развиваться и претерпевать изменения. Автор в данной статье, исследуя нравственную проблему личности, подчеркивает роль педагога в этом процессе. Особо следует подчеркнуть, что духовно – нравственная личность как характеристика и свойство состоит из следующих качеств: доброты, честности, дисциплины. Духовно-нравственное воспитание реализуется как общепедагогический процесс, когда воспитанник соответствует своим общечеловеческим ценностям и нормам с учетом возрастных и личностных особенностей.

Ключевые слова: личность, воспитание, нравственность, педагогическое руководство, сформированная личность.



### Annotation

This article defines the concept of spiritual and moral as a result of the analysis of the origin of development in various traditions and societies. It should be noted that if we review moral and moral concepts from real history, society will develop and undergo changes. The author in this article, exploring the moral problem of personality, emphasizes the role of the teacher in this process. It should be emphasized that the spiritual and moral personality as a characteristic and property consists of the following qualities: kindness, honesty, discipline. Spiritual and moral education is implemented as a general pedagogical process, when the pupil corresponds to his universal values and norms, taking into account age and personal characteristics.

Keywords: personality, upbringing, morality, pedagogical guidance, formed personality.

«Адамгершілік» термині негізін «адамдық» сөзінен алады. Латын тілінен аударғанда «адамдық» - «moralis» - мораль деген сөз. «Адамгершілік» - бұл адамның мінез – құлқында, күнделікті іс – әрекетінде басшылыққа алатын үлгілер мен қағидалары. Адамгершілік мәңгілік емес және өзгеріссіз қалатын категорияларға жатпайды, олар көпшіліктің қалыптасқан әдеттері мен қайталанып, қоғамдық пікірді қостанатын жетекшіден қолдау табады да, құқықтық ережелерден қолдау көрмейді.

Сонымен қатар рухани - адамгершілік қағидалары, талаптары, адамдық қасиеттері адамның қоғамда қалай өмір сүру керектігін, өзін қалай ұстау керектігі т.с.с. туралы әрекеттеріне белгілі бір негіздеме береді. Мораль тарихи тұрғыда нақты, ал қоғам дамығанда өзгерістерге ұшырап отырады. Барлық уақыттар мен халықтарға ортақ, тән мораль болмайды.

Сөздің тұтас мағынасында рухани адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі адамзат даму үрдісіндегі қойылған негізгі мәселенің бірі болған. Кез келген дәуірде өзіне тән әлеуметтік - экономикалық және сәйкесінше мәдени дамуына қарай тәрбиенің қажеттілігін көрсетіп отырған. Тәрбиелі, мәдениетті болу белгілі бір ортадағы адамдардың меншігі болмаған. Үйлесімді тұлға болу, кез – келген жағдайда өзін ұстай алу – әр адамның міндеті мен құқығы.

Тұлғаның қалыптасу мен дамуы барысында тәрбиелеу рөлі ерте кездегі педагогикада да маңызды болған. Мысалыға, Сократтың пікірінше, барлығына ортақ және өзгертілмейтін адамгершілік ұғымы бар деп есептеген. Оның пікірінше, тәрбиенің мақсаты заттың табиғатын зерттеу емес, өзін – өзі тану және адамгершілікті мейлінше жетілдіру. Ал Толстой Л.Н. тәрбиені өте жоғары бағалап, адам білетін барлық ғылымның ішінде жауыздықты аз істеп, көбірек мейірімділікке бұрып, қалай өмір сүру керектігін зерттейтін ғылымды басшылыққа алуды дұрыс деп түсінген.

Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелейтін мәселелерді көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізіп үлестіретін қосқан. Мысалы, Григорович Л.А. адамгершілікке мынадай анықтама берген: «Адамгершілік бұл – мейірімділік, әдептілік, тәртіптілік, ұжымдылық сияқты қасиеттердің жиынтығы».

Макаренко И.С.: «адамгершілік адамның қолданатын үлгілерін, ережелерін, мінез – құлық қағидаларын ерікте түрде сақталуын қамтамасыз ететін тұлғаның ажырамас бөлігі. Ол Отанға, қоғамға, ұжымға жеке адамға, өзіне және жұмысына және т.б. көрініс табады».

Ал Сухомлинский В.А. былай деген: «Жүрегінде мінез-құлықты ынталандыратын, жақсы ниетті бекітетін, жеке тұлғаның моральдық идеалға деген ұмтылыстарынан туындаған адамды нағыз адам бола алады... – бұл тұлғаны тәрбиелеудің алтын ережелерінің бірі». Адамгершілік тәрбиесі адам өмірінің барлық аспектілеріне енеді. Сондықтан қазіргі заманның көрнекті мұғалімі В. А. Сухомлинский тұлғаның жан – жақты дамуы туралы білім беру жүйесін дамыта отырып, оның басты белгісі адамгершілік тәрбиесі деп санады.

Адамгершілік тәрбиесі адам үшін маңызды болады, сондықтан мұғалім келесі шарттардың орындалуына қамқорлық жасаса тиімді болады:

- жалпы іс-әрекеттің эмоционалды байлығын қамтамасыз етеді, бірлескен ұжымдық күш-жігер мен оның қатысушыларын біріктіретін тәжірибені ұйымдастырады;
- табысқа жетелейтін эмоционалды-ерікті шиеленісті атмосферасын жасайды;
- эмоционалды жеткізу қағидасын орындайтын қоғамдық пікірдің (қызықты, маңызды) оң әсерін ескереді;
- достық қарым-қатынас атмосферасын құруға қамқорлық жасайды.

Харламов И.Ф. адамгершіліктің мазмұнын келесі санатта көрсетеді:

1. Отанға деген көзқарас (патриотизм) – өз еліне, тарихына, әдет-ғұрпына, тіліне деген сүйіспеншілік, қажет болған жағдайда оны қорғауға деген ұмтылыс.



2. Еңбекке деген көзқарас (еңбексүйгіштік) –еңбек қызметіне жасампаздықтың қажеттілігі болуын және еңбектің өзіне және қоғамға пайдасын түсіне алу, еңбек дағдылары мен дағдыларының болуын және оларды жетілдіру қажеттілігін болжайды.

3. Қоғамға деген көзқарас (ұжымшылдық) - өз қалауын басқалардың қалауымен үйлестіре білу, өз күш-жігерін басқалардың күш-жігерімен үйлестіре білу, мойынсыну және жетекшілік ету қабілеті.

4. Өзіне деген көзқарас-өзгелерді құрметтеу кезінде өзін-өзі құрметтеу, қоғамдық парыздың жоғары санасы, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік тазалық, қарапайымдылық.

5. Адамгершілік немесе адамгершілік.

Қазіргі қоғам белсенді өмір сүруге және қолданыстағы шындыққа әсер етуге, оны жақсы жаққа өзгертуге дайын жаңа тұлғаны тәрбиелеу проблемасына тап болады. Қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу-бұл білім беру парадигмасының өзгеруін көрсететін тәрбие процесінің рухани-адамгершілік бағыты. Жеке қалыптасқан тұлғаны - бұл күрделі ішкі құрылымы мен дамудың оң бағыты бар жеке қасиеттердің жалпыланған сипаттамасы. Жеке қалыптасқан тұлғаны А. Г. Асмолов, л. с. Выготский, А. А. Бодалев және т. б.

Л. А. Григорович өзінің зерттеулерінде адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын адамгершілік арқылы қарастырды. "Адамгершілік-бұл адамның адамға деген көзқарасын білдіретін оның қасиеттерінің кешенін қамтитын тұлғаның интегралды сипаттамасы. Жеке тұлғаның сапасы ретінде адамгершілік басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде қалыптасады: зейін мен ізгі ниет; басқа адамды түсіну қабілеті; эмпатия, эмпатия қабілеті; басқа адамдардың пікірлеріне, сенімдеріне, мінез-құлқына төзімділік; басқа адамға көмектесуге дайын болу".

Тұлғаның адамгершілік тәрбиесі-бұл педагогикалық және әлеуметтік құбылыстарды қамтитын күрделі және көп қырлы процесс. А. С. Макаренко адамгершілік тәрбиесінің келесі міндеттерін атап өтті: "1) адамгершілік сананы қалыптастыру; 2) адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту; 3) адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін дамыту".

Б.Т. Лихачевтің пікірінше, адамгершілік тәрбиесінің негізгі негізгі категориясы: "адамгершілік сезім ұғымы – тұрақты эмоционалды сезім, тәжірибе, нақты адамгершілік қатынастар мен өзара әрекеттесу". Моральдық сезімдер, сана мен ойлау моральдық ерік-жігердің негізі мен ынталандырушысы болып табылады. Тыс адамгершілік ерік-жігер және әлемге тиімді және практикалық көзқарас адамның нақты адамгершілігі жоқ. Ол адамгершілік сезімнің бірлігінде және өмірде өзінің адамгершілік сенімдерін жүзеге асыруға саналы түрде табандылықпен жүзеге асырылады.

В.А. Сухомлинский жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін зерттеуге үлкен үлес қосты. "Азаматтың дүниеге келуі" атты еңбегінде ол норманың моральдық әдеті арқылы әлеуметтік деп тұжырымдайды, сана мен әлеуметтік мораль адамның рухани дамуды игеруге мүмкіндік береді. "Моральдық әдетсіз өзін-өзі растау, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі құрметтеу мүмкін емес. Моральдық сезімді негізгі қағидасы ретінде бағалау моральдық сананы елемеді білдірмейді. Дамыған моральдық сана адамгершілік қағидаларын, үлгілерін білуді, қоғамдағы өзінің моральдық жағдайын үнемі білуді және түсінуді қамтиды. Моральдық әдеттердің қайнар көзі – терең сана мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, олардың моральдық қасиеттерін жеке эмоционалды бағалаудың бірлігінде. Моральдық әдеттер-бұл моральдық идеялар мен сенімдердің әліппесі".

Сонымен, «адамгершілікті тәрбиелеу» ұғымы әлеуметтік кең және педагогикалық мазмұнға ие, жан-жақты дамыған, моральді тұрақты тұлғаның қалыптасуына бағытталған. Қазіргі кезеңде қоғам нарықтық қарым – қатынастар мәселесіне экономикалық тұрақсыздығына, саяси қиындықтары толығымен еніп кеткен қоғамның адамгершілігін негіздері мен әлеуметтік байланыстарын бұзуда. Бұл адамдардың шыдамсыздығына және қатігездігіне әкеліп, тұлғаның ішкі әлемін бұзады. Сондықтан да педагогтар тәрбиенің күрделі мәселелерін шеше отырып, әр тәрбиеленушінің өмірлік әс – әрекетінде өзіндік негізгі құндылықтарын анықтауға көмегін береді, жауапкершілік сезімін алуға, қоғамның моральдық негіздерін сақтауға көмегін беріп отырады. Бұған оқу - тәрбиелік үрдісінде ажырамас бөлігі болып табылатын адамгершілік тәрбиесінің арқасында жүреді. Осылайша , тәрбие тұлғаны дамыту қызметі жүйесі ретінде педагогтың әртүрлі қызметін қоса отырып, оқушыдан тұтас қалыптасқан тұлғаны қалыптасуына мыналар қажет: адамгершілік және авторитеттік тәрбие, психологиялық – педагогикалық жетекшілік, тұлғалық бағдарлау, тәрбиедегі сабақтастық, азаматтық тәрбие, толеранттылықты ашу жатады.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Бабанский Ю. К. Педагогика. – М., 1988. 155 б.





2. Асмолов А.Г. Психология индивидуальности: методологические основы развития личности в историко-революционном процессе. М.: МГЦ, 1986.
3. Григорович Л. А. Педагогика и психология. – М., 2001.-104 б.
4. Маркова Н.Г. Решение проблемы формирования толерантности – условие успешной социализации AlmaMater. 2006.
5. Яновская М. Г. Нравственное воспитание и эмоциональная сфера личности // Классный руководитель. – 2003. – № 4.
6. Бодалев А.А. Вершина в развитии взрослого человека: характеристики и условия достижения. М.: Флинта: Наука, 1998.-168 б.

## **ТРАНСДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ФОРМИРОВАНИЯ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

**МУРТАЗОЕВА Светлана Кронидовна**

ТОО ABIS school

Астана, Казахстан

agadirka@mail.ru

### **Аннотация**

В статье рассматривается проблема формирования нравственных качеств личности учащихся начальной школы через трансдисциплинарный подход в обучении. Необходимость развития нравственных качеств у учащихся, вопрос проявления милосердия, милосердия ко всему живому, является очень актуальным.

Соответственно, актуальным остается вопрос о подборе методических приемов, упражнений, форм и средств, направленных на формирование умения у учащихся младших классов проявлять сочувствие и сострадание к попавшим в тяжёлые жизненные ситуации. В статье представлены размышления учителя и приведены конкретные задания, направленные на достижение поставленной цели по учебным предметам в начальной школе.

Целью статьи является раскрытие особенностей включения различных школьных дисциплин в обучение в рамках определенных трансдисциплинарных тем. Для достижения поставленной цели было проведено педагогическое исследование. В результате исследования экспериментальным путем проверены методы и приёмы, способствующую формированию навыка милосердия учащихся начальных классов. Теоретическая значимость исследования состоит в том, что проведённая учителем работа способствует формированию чувства милосердия у учащихся, развитию у них навыков работы над проектами, способствует развитию творческих и исследовательских способностей и занятости в свободное время.

Ключевые слова: нравственность, милосердие, составление задач, учащиеся, актуальные вопросы современности, проявляйте сострадание.

### **Annotation**

The article examines the problem of forming the moral qualities of the personality of elementary school students through a transdisciplinary approach to teaching. The need to develop moral qualities in students, the issue of showing mercy, mercy to all living things, is very relevant.

Accordingly, the issue of selecting methodological techniques, exercises, forms and means aimed at developing the ability of primary school students to show sympathy and compassion for those in difficult life situations remains relevant. The article presents the teacher's thoughts and provides specific tasks aimed at achieving the set goal in academic subjects in primary school.

The purpose of the article is to reveal the features of the inclusion of various school disciplines in education within the framework of certain transdisciplinary topics. To achieve this goal, a pedagogical study was conducted. As a result of the study, methods and techniques were experimentally tested to promote the formation of mercy skills in primary school students.

The theoretical significance of the study is that the work carried out by the teacher contributes to the formation of a sense of mercy in students, the development of their skills in working on projects, and contributes to the development of creative and research abilities and employment in their free time.

Key words: morality, mercy, writing tasks, students, current issues of our time, show compassion.



Пока мы боль чужую чувствуем,  
Пока живёт в нас сострадание,  
Пока мечтаем мы и буйствуем,  
Есть в нашей жизни оправдание.

Андрей Дементьев

Разговор о формировании нравственных качеств личности учащихся начальных классов хочется начать со статьи Нурлыайым Нурсаин: «Мы ощущаем убыль милосердия: фронтовик Даниил Гранин о современном обществе»

«Немногословный, мудрый, все понимающий писатель Даниил Гранин стал одним из символов интеллигентного Ленинграда еще в застойные годы. Он был защитником города в 1941 году, став впоследствии посланником всех блокадников, когда в бундестаге говорил о трагической истории обороны города. А позже, в 70-х годах вместе с Алесем Адамовичем он создал эпическое произведение - "Блокадную книгу" - воспоминания сотен блокадников, ценнейшие дневники и фронтовые письма. Со слезами на глазах ею зачитывались сотни советских людей, несмотря на то, что на издании книги некогда был наложен запрет. Сам Гранин, услышав о цифрах погибших в ВОВ, вопрошал: "Что такое - 42 миллиона? Это не цифра. Для тех, кто остался в живых, - это одиночество. Мне годовщину победы встречать не с кем. У меня никого не осталось от моих школьных и студенческих друзей, от моих однополчан. Не только в силу естественной убыли, но и потому, что они погибли на войне. Это погибла часть моей юности, моей жизни, она ушла вместе с ними".

Этого правдивого, очень искреннего человека не стало в ночь на 5 июля 2017 г. на 99-м году жизни. В день памяти Даниила Гранина TengriMIX публикует отрывок из его книги "Точка опоры" В прошлом году со мной приключилась беда. Шел я по улице, поскользнулся и упал... Упал неудачно, хуже некуда: лицом о поребрик, сломал себе нос, все лицо разбил, рука выскочила в плече. Было это, примерно, в семь часов вечера. В центре города, на Кировском проспекте, недалеко от дома, где живу.

С большим трудом поднялся - лицо залило кровью, рука повисла плетью. Забрел в ближайший подъезд, пытался унять платком кровь. Куда там, она продолжала хлестать, я чувствовал, что держусь шоковым состоянием, боль накачивает все сильнее, и надо быстро что-то сделать. И говорить-то не могу - рот разбит.

Решил повернуть назад, домой. Я шел по улице, думаю, что не шатаюсь; шел, держа у лица окровавленный платок, пальто уже блестит от крови. Хорошо помню этот путь - метров, примерно, триста. Народу на улице было много. Навстречу прошла женщина с девочкой, какая-то парочка, пожилая женщина, мужчина, молодые ребята, все они вначале с любопытством взглядывали на меня, а потом отводили глаза, отворачивались. Хоть бы кто на этом пути подошел ко мне, спросил, что со мной, не нужно ли помочь, Я запомнил лица многих людей - видимо, безотчетным вниманием, обостренным ожиданием помощи...

Боль путала сознание, но я понимал, что, если лягу сейчас на тротуаре, преспокойно будут перешагивать через меня, обходить. Надо добираться до дома. Так никто мне и не помог.

Позже я раздумывал над этой историей. Могли ли люди принять меня за пьяного? Вроде бы нет, вряд ли я производил такое впечатление. Но даже если бы и принимали за пьяного - они же видели, что я весь в крови, что-то случилось - упал, ударился, - почему же не помогли, не спросили хотя бы, в чем дело? Значит, пройти мимо, не ввязываться, не тратить времени, сил, "меня это не касается" стало чувством привычным?

Раздумывая, с горечью вспоминал этих людей, поначалу злился, обвинял, недоумевал, негодовал, а вот потом стал вспоминать самого себя. И нечто подобное отыскивал и в своем поведении. Легко упрекать других, когда находишься в положении бедственном, но обязательно надо вспомнить и самого себя, не могу сказать, что при мне был точно такой случай, но нечто подобное обнаруживал и в своем собственном поведении - желание отойти, уклониться, не ввязываться... И, уличив себя, начал понимать, как привычно стало это чувство, как оно пригрелось, незаметно укоренилось.

Раздумывая, я вспоминал и другое. Вспоминал фронтовое время, когда в голодной окопной нашей жизни исключено было, чтобы при виде раненого пройти мимо него. Из твоей части, из другой - было невозможно, чтобы кто-то отвернулся, сделал вид, что не заметил. Помогали, тащили на себе, перевязывали, подвозили... Кое-кто, может, и нарушал этот закон фронтовой жизни, так ведь были и дезертиры, и самострелы. Но не о них речь, мы сейчас - о главных жизненных правилах той поры.

В самом деле, что же это с нами происходит? Как мы дошли до этого, как из нормальной отзывчивости перешли в равнодушие, в бездушие, и тоже это стало нормальным.



К сожалению, наши обильные разговоры о нравственности часто носят слишком общий характер. А нравственность... она состоит из конкретных вещей - из определенных чувств, свойств, понятий.

Одно из таких чувств - чувство милосердия. Термин несколько устаревший, непопулярный сегодня и даже как будто отторгнутый нашей жизнью. Нечто свойственное лишь прежним временам. "Сестра милосердия", "брат милосердия" - даже словарь дает их как "устар.", то есть устаревшие понятия.

В Ленинграде, в районе Аптекарского острова, была улица Милосердия. Сочли это название отжившим, переименовали улицу в улицу Текстилей.

Изъять милосердие - значит лишить человека одного из важнейших действенных проявлений нравственности. Древнее это, необходимое чувство свойственно всему животному сообществу, птичьему: милость к поверженным и пострадавшим. Как же так получилось, что чувство это у нас заросло, заглохло, оказалось запущенным? Мне можно возразить, приведя немало примеров трогательной отзывчивости, соболезнования, истинного милосердия. Примеры, они есть, и тем не менее мы ощущаем, и давно уже, убыль милосердия в нашей жизни. Если бы можно было произвести социологическое измерение этого чувства.

Уверен, что человек рождается со способностью откликаться на чужую боль. Думаю, что это врожденное, данное нам вместе с инстинктами, с душой. Но если это чувство не употребляется, не упражняется, оно слабеет и атрофируется".

Я думаю, что никого не оставило равнодушным чтение этой статьи и хочу поделиться небольшим опытом, полученным мной при работе с учащимися по этой тематике, так как вопрос проявления милосердия, милосердия ко всему живому, является очень актуальным.

И особенное сочувствие и сострадание проявляется в маленьких детях, когда они читают тексты о природе и находят, что даже хищные животные могут быть милосердными. Так, читая рассказ А.П.Чехова в 3 классе «Белолобый», учащиеся сталкиваются с описанием поведения матери-волчицы в различных ситуациях и совершенно по-новому воспринимают образ волчицы в этом произведении, по-другому смотрят на этого страшного хищника. Волчица очень голодна, она, видя в щенке маленького глупыша, как мать, не трогает его. Пересиливая чувство голода, она проявляет милосердие к Белолобому. Даже думая, что щенок может ей и второй раз помешать достать добычу, у неё не возникает к нему чувства злости и желания порвать его. Здесь срабатывает материнский инстинкт животного.

«Раньше, читая сказки, я воспринимала волка чаще всего наивным, доверчивым, глупым или злым. И совсем противоположной этому образу представилась волчица у Антона Павловича Чехова. Я подумала и решила, что волчица требует к себе сострадания со стороны читателя, более милосердного, более тёплого с нашей стороны отношения. Волки в настоящее время, как многие виды живой природы истребляются. Я считаю, что волк – необходимое звено природы и заслуживает защиты со стороны человека» - слова учащихся о волчице. Антон Павлович Чехов в своём рассказе дал нам возможность взглянуть на одно событие, которое произошло в жизни волчицы, глазами этой же волчицы.

Особенно вызывают сочувствие проблемы, связанные с детёнышами животных: они могут быть в опасности или быть голодными. Но даже и в этих ситуациях волчица может переживать, наблюдать и с жалостью относиться к детёнышам своих врагов. Получается, что она даже как будто жертвует своими детьми, но сохраняет жизнь щенку, такому наивному, глупенькому и милому.

Вывод: Этим А.П. Чехов хотел показать читателю, что даже у голодной волчицы могут проснуться добрые «человеческие» чувства, которые подавляют хищнические животные инстинкты и проявляется жалость к глупому щенку.

Перед началом изучения темы «Животные и растения Казахстана» на уроках «Познание мира» учащиеся прослушали стихотворение: «Раненная сайга» Сакена Сейфуллина

После проведения анализа стихотворения дети написали «Письмо охотнику». Смысл детских писем сводился к следующему: «Маленькая пуля, произведённая по воле человека, уносит жизнь сайгака. Обрывается не просто жизнь одного животного, нарушается гармония мира. Кто в этом виноват? Конечно, человек, с его бесхозяйственностью, с его бездумным отношением к окружающему его миру. Не стреляйте в беззащитных животных. Сайгак – гордость степи. Сайгак-символ древней степи, красивое, грациозное, гордое животное, живущее только на воле, в степных просторах. Берегите сайгаков! »

Поэт в своём произведении поднимает актуальные вопросы современности. Это:

- бережное, ответственное отношение к природному миру;



- защита и бережение сайгака как одного из уникальных представителей степной фауны, занесённого в «Красную книгу» Казахстана;

- формирование нравственных качеств личности, стремления сохранить этот природный мир для потомков. Дети степь отождествляют с образом Родины. Наши предки говорили, кто убьёт сайгака, тот накличет семье беду. Ведь не зря говорят: в каком краю живет человек, как он относится к природе, так и природа отвечает ему. И в маленьких детских душах вырастает протест против безжалостного обращения к живой природе. И будем надеяться, что эти ростки равнодушия в будущем не позволят молодым людям перейти черту недопустимого поведения в природе.

Продолжить эту тему можно на уроках математики. Так как одной из главных воспитательных задач, встающих перед учителем, является обучение в связи с жизнью, и, зная реалии нашей современности, мы вместе с учащимися составляем задачи, выполняющие воспитательные функции:

«Сайгак – это животное, которое находится на грани исчезновения и взято под охрану государства; он занесен в Красную Книгу Казахстана. Всего в Казахстане в 2021 году насчитывалось 842.000 голов этого животного, а в 2022 году численность сайгаков выросла до 1 318 000 голов. На сколько % увеличилась численность сайгаков в 2022 году по сравнению с 2021 г?»

Многие задачи могут быть использованы не только для собственно математических целей, но больше именно для воспитания детей. На основании вышеупомянутых заданий можно построить беседу о нашем государстве, его величине, о животных и растениях, их охране и значении, влиянии человеческой деятельности на экологию в целом и воспитании в детях чувства доброты.

Так как у нас убрали уроки внеклассного чтения, в 4 классе мы стали на своей параллели брать «Книги месяца», способствующие формированию нравственных качеств учащихся. После чтения текста М. Ауэзова «Серый Лютый» провели читательскую конференцию. Учащиеся анализировали текст по поставленным вопросам, «Блиц-турниру», соотносили иллюстрации с текстом, составляли выдержки из текста. Главный вывод, к которому пришли дети: «Сердце никак не хочет примириться со смертью мальчика. Волк его предал...»

Этот рассказ никого не оставил равнодушным. Но и здесь ребята не хотят во всей трагедии обвинить животное. Они говорят о том, что герой рассказа, мальчик по имени Курмаш погиб, упав с лошади. А волк вспорол его, когда тот был уже мёртв.

И тем не менее, учащиеся признают, что в природе существуют свои неписанные правила, свои законы. Пытаясь что-либо изменить, мы не всегда добиваемся лучших результатов. Мальчик Курмаш, маленький, терпеливый, любящий. Как бережно он относился к волчонку, пытался из дикого зверя воспитать хорошего друга! Но природа берет свое: «Сколько волка не корми – он все в лес смотрит», «Волк лежачего не щадит – ни чужого, ни своего». После чтения рассказа, девочка поделилась необыкновенной историей: «Летом мы с семьёй были в гостях у маминой подруги. И там дедушка нам рассказал удивительную историю. Эта удивительная история произошла с собакой и волчонком в вольере, т.е. герои: собака по имени Джессика и волчонок. Джессика вырастила маленького волчонка, когда мама-волчица отказалась от своего щенка. Через некоторое время собаку забрали новые хозяева и увезли в другой город. Но она смогла самостоятельно найти дорогу назад в зоопарк и вернуться к 4-месячному волчонку. Очень трогательно, что собака так ответственно и милосердно отнеслась к судьбе хищника, который на тот момент был просто «детёнышем».

Какими качествами должен обладать милосердный человек? Работая в группах, учащиеся разбирают и объясняют понимание Заповедей милосердия:

Никогда не бойся  
Безграмотного обучить,  
Сомневающемуся дать совет,  
Печального утешить.  
Гонения терпеливо переносить,  
Обиду сердечно прощать,  
Голодного накормить,  
Жаждающего напоить,  
Нагого одеть,  
Странствующего в дом принять,  
Больного не оставлять.  
Иногда милосердие сравнивают с солнцем:  
«Во внутреннем мире человека доброта – это солнце».

(Виктор Гюго)



Трансдисциплинарный подход, как один из способов формирования нравственных качеств личности учащихся, позволяет включить в ряд дисциплин, выполняющих эту функцию, и внеклассную работу. Одно из таких мероприятий мы назвали «Берегите братьев наших меньших!» Кошка – обыкновенное ласковое домашнее животное, но с необыкновенными качествами. Живет с человеком не одну тысячу лет. Но до сих пор остается существом во многом загадочным. В разные времена в разных странах относились к ней по-разному. Кто-то их любит, боготворит, а кто-то боится, считая, что они приносят в дом несчастья. Во время подготовки к празднику учащиеся подбирали справочный материал о домашнем животном, выполняли рисунки, фото, учили стихотворения, песни и танцы. Но главный вывод, который сделали дети после праздника, даёт надежду на формирование у них любви к этим животным:

«Заведите себе котенка, подберите бездомную кошку, окружите ее заботой и теплом, тогда ваш Барсик или Мурка ответят вам тем же. И станет мир чище и добрее. А мы почувствуем себя людьми – существами разумными!

Милосердие – это готовность человека оказать помощь, проявлять доброту, заботу и при этом, не просить ничего взамен.

Быть человечнее, значит быть милосердным, проявить сострадание, и помочь нуждающемуся, а не стоять на месте. Если каждый из нас хоть немного сможет помочь другому человеку, или даже маленькому котенку, который ищет себе пропитание, то мир станет добрее. Но в наши дни, все меньше и меньше людей проявляют милосердие и сострадание. Весь мир нам не изменить, но мы можем изменить себя, под силу это сделать каждому. Станьте более милосердным, проявляйте сострадание, и не просите ничего взамен, и вы увидите, как мир изменится!

«Будь щедрым душою!

Время не забудет хорошим словом помянуть

Того, кто сердце отдал людям,

Запомни это, щедрым будь!» Но самый важный итог этой работы заключается в том, что она способствует формированию чувства милосердия у учащихся, развитию у них навыков работы над проектами, способствует развитию творческих и исследовательских способностей и занятости в свободное время.

Каждый хороший поступок, это частица добра, вложенная в огромный мир доброты, от нее становится теплее, светлее и радостнее. Ведь делать добро — это здорово!

#### **Используемая литература:**

1. Мокий М.С., Мокий В.С. ТРАНСДИСЦИПЛИНАРНОСТЬ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ: ЭКСПЕРТНЫЕ ОЦЕНКИ, ПРОБЛЕМЫ И ПРАКТИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 5. ;
2. Васильева К.В., Гусев Д.А. ЖИВАЯ ПРИРОДА В НРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ ДОШКОЛЬНИКОВ // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. ;
3. <https://tengrinews.kz/mixnews/oschuschaem-ubyil-miloserdiya-frontovik-daniil-granin-321753/amp/>
4. Классный час « Милосердие . Нужно ли оно в наше время?» Опубликовано 09.03.2013 - Антоненко Нина Владимировна <https://nsportal.ru/>
5. <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/1138-jekologicheskij-vecher-dlja-detej-mladshego-s>

## **ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**МЫРЗАХМЕТОВА Жайна Жалғасбекқызы, НАУБАЕВА Хапиза Тәңірбергенқызы**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Талдықорған, Қазақстан

Zhaina1991@inbox.ru

#### **Андатпа**

Оқу үлгерімі төмен оқушының оқуға деген құштарлығы төмендеп, арман тілектері жоғалады десек те болады. Бұл үлгермеу үдерісі оқушының жасөспірімдік шағында да көрініс беруі мүмкін. Оқушы болашақта жүзеге асырғысы келетін жоспарлары туралы ойламайды, оның мінез-құлқында да өзгеріс пайда болады. Білім сапасын арттыру мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылым барған сайын күрделі мәселелерді шешуде, сондықтан жас ұрпақтың білім деңгейіне жауапкершілік артады.



Бүгінгі таңда мектептегі оқудағы үлгермеушілік мәселесі білім берудегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады және ол тек ересектерді ғана емес, оқушыларды да алаңдатады. Нашар оқығысы келетін оқушы жоқ екені анық, өйткені олар бала кезінен білімге құштар және қоршаған орта құбылыстарына қызығушылық танытып, әртүрлі сұрақтарға жауап іздейді. Оқушының жеке тұлғасын жан-жақты дамытуда оның оқу-тәрбие үдерісіндегі қызметі шешуші рөл атқарады. Мектепте оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламасы мен шарттары бірдей болғанымен, білімді бәрі бірдей ала бермейді.

Оқудағы үлгермеушілікті жеңу бүкіл дүние жүзіндегі педагогикалық-психологиялық ғылымдардың теориялық және практикалық ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, сондықтан жыл сайын осы мәселенің мәніне, оның қазіргі мектептегі көрінісінің белгілері мен формаларына арналған жаңа теориялық зерттеулер пайда болуда. Соңғы жылдары қоғамның білімді адамдарға деген қажеттілігі мен оқушылардың білім сапасының төмендігі арасында жаһандық қайшылық туындады, сондықтан академиялық үлгермеушілікке ықпал ететін факторларды білу өте маңызды.

Бұл мәселе алғаш рет XVII ғасырда көтеріледі. Я.А. Коменскийдің [1] «Ұлы дидактикасының» бірқатар бөлімдері осы мәселеге арналған. Я.А. Коменский Аристотель сияқты барлық балалардың білімге деген табиғи бейімділігі мен құштарлығы болады деген қорытындыға келді.

Я.А. Коменский заттардың күрделілігі олардың түсінбеуіне әкеледі деген пікірге қарсы шығып, білім шыңына аз адам жететінін, ал оған белгілі бір дәрежеде жақындағандар қиындықпен ғана жетеді деп жазды.

Я.А. Коменский балалармен жұмыс барысында олардың қабілеттеріндегі айырмашылықтарды ескеруді ұсынды және қанағаттанарлықсыз оқытудың себептері ретінде екі шығу факторын атады. Бір жағынан оқушыға сырттан әсер ететін факторлар бар: мұғалімдердің әсері, ата-анасының, достарының ықпалы. Екінші жағынан, жеке, интеллектуалдық және физиологиялық факторлар бар: оқуға енjarлық, қиырлық, қабілеттердің жетіспеушілігі, физикалық денсаулық мәселелері, физиологиялық дамудағы ақаулар.

В.А. Сухомлинский[2] оқытудың төмен нәтижесін оқушылардың табиғи білімінің аздығымен емес, қарапайым, өздігінен жасалған оқыту әдістерімен түсіндірген бірінші мұғалім болды. Ол былай деп жазды: «Үстел басында бос отырудың, күн сайын алты сағат бос отырудың, айлар мен жылдар бойы бос отырудың қорқынышты қаупі бар. Ол адамды моральдық тұрғыдан бұзады, мүгедек етеді».

Тәжірибелі ұстаз ол сыныптың бос жүруге, жалқаулыққа, жұмыссыздыққа үйрететінін анық білді. Бірақ В.А.Сухомлинский дәстүрлі білім беру жүйесінің ықпалында бола отырып, бүкіл оқу жүйесі сияқты оның кемшіліктерін анықтап, жоя алмады. Ол: «Егер оқушы оқығысы келмесе, біздің барлық жоспарларымыз, ізденістеріміз, құрылыстарымыз босқа кетеді», - деп мойындады.

Мектеп оқушыларының үлгермеушіліктерінің тағы бір себебі – педагогикалық ғылымдар бойынша мұғалімдерінің үстірт білімдері, олардың жалпы және атап айтқанда, кәсіби педагогикалық қызметінің нәтижелі немесе тиімсіздігінің себептерін психологиялық-педагогикалық негіздеуге дайын болмауы, әсіресе оқыту әдістері мен тәсілдерін дұрыс қолдана алмауын атап өтуге болады.

XX-ғасырдың 80-90-жылдары жаңа психологиялық-педагогикалық теориялардың (П.Я. Гальпериннің психикалық іс-әрекеттің бірте-бірте қалыптасу теориясы, оқуға белсенді көзқарасы, т.б.) әсерінен оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру тенденциясы байқалды, үлгермейтін оқушылармен әрбір мұғалімнің міндетті және жүйелі қосымша жеке жұмысын қамтыла бастады. Мектеп оқушыларының үлгермеушілігінің ең күрделі және іргелі педагогикалық-психологиялық мәселелерін Н.А. Менчинская, Л.С. Славина, Н.И. Мурачковский, Ж.М. Гвозман, Ю.В. Микадзе, Н.К. Корсакова, Г.Б. Моница, Е.В. Панасюк және т.б ғалымдар талқылаған.

Н.А. Менчинская[3] мектеп оқушыларының оқу үлгермеушілігінің психологиялық мәселелерін барынша толық және түбегейлі зерттеді. Ол ғылымға «білім алу қабілеті» немесе «білімді меңгеру қабілеті» деген арнайы ұғымды енгізді.

Н.А. Менчинская, «білімділік» ұғымы білім мен оқыту әдістерін меңгеруін білдіреді деп, бұл қабілеттің салыстырмалы түрде тұрақты тұлғалық қасиетті білдіретінін атап көрсеткен.

Н.А.Менчинская оқуда үлгерімі төмен оқушылардың жалпы сипаттамасын береді: ақыл-ой әрекетінің кез келген түрі бұл балаларға белсенділік қажет болса, үлкен қиындық тудырады; оқуда үлгерімі төмен оқушылардың интуитивті-практикалық және вербалды-логикалық ойлауының даму деңгейінде сәйкессіздік бар, олар абстрактылы немесе нақты түрде ойлайды, бірақ бір деңгейден өту оларға қиын; екіншісі абстрактілі позицияны нақтылау немесе нақтыны абстракциялау үлкен қиындық туғызады; есте сақтау және ойлаудың жетіспеушілігі оқушылардың ақыл-ой жұмысының «стилінің» жалпы сипаттамасымен, жалпы танымдық белсенділіктің төмен реңкімен тығыз байланысты, бұл өз кезегінде осы оқушылардың мотивациялық саласымен анықталады.



Оның себебі мектептегі жұмыс әдістерінің жетілмегендігі ғана емес, оқушының жас ерекшеліктері мен мектепке психологиялық дайындығы. Қазіргі мектеп оқушыларының оқуға деген көзқарасы дұрыс қалыптаспағандықтан, оның әлеуметтік мәнін түсінбейді және оқу іс-әрекетінде табысқа жетуге ұмтылмайды. Сондай-ақ, үлгермеушілік мәселесін шешуде мұғалімдер үшін маңызды болып табылатын, үлгерімі төмен оқушылардың әртүрлі типтерінің ерекшеліктері де қызығушылық тудырады.

Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының маңызды қасиеттері мен оқу әрекетінің ерекшеліктерінің бірегей үйлесімімен ерекшеленеді.

Л.С. Славина[4] үлгермеушіліктің негізгі себебінің критерийлері бойынша мектеп оқушыларының түрлерін: 1) оқудың тиімді мотивтері жоқ үлгермеуші мектеп оқушылары; 2) оқуға қабілеті төмен оқушылар; 3) оқи алмайтын оқушылар деп анықтайды.

Н.И. Мурачковский[5] үлгерімі төмен мектеп оқушыларының типологиясын ақыл-ой әрекетінің ерекшеліктері мен оқуға деген көзқарасы сияқты тұлғалық қасиеттерге негіздейді. Нәтижесінде үлгермейтіндердің үш түрі ажыратылады: 1) оқуға деген оң көзқарасы бар және ақыл-ой әрекетінің сапасы төмен мектеп оқушылары; 2) оқуға теріс көзқарасы бар оқушылар; 3) ақыл-ой әрекетінің сапасы төмен және оқуға теріс көзқарасы бар үлгермейтіндер.

Оқушылардың үлгерімінің төмендігінің жалпы белгілеріне оқу үдерісінде өзін-өзі ұйымдастырудың нашарлығы, оқыту әдістері мен тәсілдерінің, логикалық ойлаудың дамымауы, жүйесіз оқу, тапсырмаларды асығыс орындауды жатқызуға болады.

Тапсырманы орындай алмаған оқушылар арасында жағымсыз қылықтар мен тәртіпсіздіктер анықталды. Мектеп оқушыларына оқудағы үлгермеушілікті жеңу қиынға соғады және оларды әсіресе ата-анасынан жасыруға тырысады. Олар сабақ оқығысы келмейді, бірақ сабақтан қалмайды. Үлгерімі төмен оқушылар мен мұғалімдердің қарым-қатынасы күрделене түседі, көбінесе мұғалімдер артта қалған оқушыларды моральдық тұрғыдан төмендетуі мүмкін.

Гвозман Ж.М. [6]: «үлгермеушілік» ұғымының мазмұнын тәрбиенің мақсаты мен мазмұнының өзгеруіне, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы кемшіліктерге байланысты», -деп атап көрсетеді.

Микадзе Ю.В. [7] артта қалатын балалар жоқ деп есептейді, бірақ жалпы сыныппен салыстырғанда белгілі бір уақытта қажетті білімді ала алмаған оқушылар бар деп санайды. Ал бұл артта қалушылық жойылмаса, ол үлгермеушілікке айналады.

Өткен ғасырдың 30-жылдарында үлгермеушіліктің анықталған негізгі себептері:

- мұғалімнің сабаққа дайындығы жеткіліксіз;
- оқытудың әдістері мен тәсілдерінің бірте-бірте ескіруі, бұл балалардың артта қалуына, содан кейін оқудағы деструктивті үлгермеушілікке әкеледі.

Кейінірек Корсакова Н.К. [8] оқу әрекетінің дағдылары мен әдістерінің жеткіліксіз немесе дұрыс қалыптаспауына байланысты үлгермеушіліктің себептерін анықтады:

- оқу материалын меңгерудегі қиындықтар;
- жұмыс істей алмау;
- когнитивті оқыту үрдістерінің болмауы;
- оқу әрекетінің дағдылары мен әдістері.

Монина Г.Б., Панасюк Е.В. [9] академиялық үлгермеушілікке әлеуметтік факторлар себепші деп есептеді. Бұлар:

- отбасындағы қолайсыз атмосфера;
- тұрмыс жағдайы нашар;
- кітаптар мен оқу материалдарының жетіспеушілігі;
- сыныптардың толып кетуі.

Әлеуметтік факторлардан басқа, оқушылардың үлгермеушілігіне олардың психикалық және физикалық дамуының ерекшеліктері әсер етеді:

1) Баланың ойлау үдерісін бұзатын және ақыл-ойының артта қалуына әкелетін туа біткен психикалық аурулар. Бұларға сонымен қатар мыналар кіреді: тұрақты стресстік жағдайлар, үйде және мектепте қолайсыз атмосфера, баланың құрдастарымен ортақ тіл таба алмауы және т.б.;

2) Бала дамуының баяу қарқыны, сондай-ақ ата-аналардың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысуының жеткіліксіздігі;

3) Баланың физикалық әлсіздігі, денсаулығының жалпы мәселелері, соның салдарынан сабаққа қатыспауы және пәндерден жалпы артта қалуы;

4) Білім сапасы мен қоғамның білімді ұрпаққа деген қажеттілігі арасындағы қайшылықты көрсететін өмір қарқыны.

Осылайша, дидактикада ХХ-ХХІ ғасырдың басындағы мектеп оқушыларының оқу үлгермеушілігінің негізгі әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық мәселелері көтерілді.



Оқушылардың мінез-құлқындағы және оқу үлгеріміндегі ауытқулардың көбеюі және алдын-алу бойынша көптеген ұсыныстардың танымалдығына қарамастан, бұл мәселе бүгінгі күні де бар.

Зерттеу сұрағы: Физика сабақтарында проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың болжамдар жасау дағдыларын қалай дамытуға болады?

### Әдебиеттерге шолу

Зерттеу сұрағын тұжырымдап алған соң зерттеуді қалай жүргізем? Неден бастаймын? Зерттеу қандай кезеңдерден тұруы керек? деген сияқты тағы басқа сұрақтарға жауап алу үшін әдебиеттерге шолу жасадым. Соның ішінде НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлігі ұсынған «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» деген нұсқаулығының көп көмегі тиді. Әдебиеттерге шолу жасап алған соң зерттеу сұрағына сай қолданылатын әдістерді тандап алу керек болды. Басқа ұстаздар оқушылардың болжам жасау дағдыларын тапсырмаларды орындау барысында қалай дамытты және сабақта тапсырмалардың қандай түрлерін қолдану болжам жасауды дамыта алды деген сұрақтарға жауап іздедім. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқуды мұғалімді селсоқ тыңдағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында да жүзеге асатынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде сабақта диалог оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетті. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен қарым-қатынас балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған. Сондықтан сабақтарымыздың барысында диалогтық тәсілді қолдануға көбірек көңіл бөлу керек деп шештім.

### Әдістеме

Зерттеу сапалық зерттеу болды. Зерттеу жұмысы мұғалімнің жеке кәсіптік дамуы аясында жасалған іс-әрекетті зерттеуі болып табылады. Зерттеу жұмысы 4 бөлімнен тұрады: (1) Құжаттар мен әдебиеттерге шолу жасау; (2) Оқушылар арасында сауалнама жүргізу; (3) Сабақ барысына оқушылардың іс-әрекетін бақылау, сараптау; (4) Нәтижелер мен қорытынды жасау үшін оқушылардың жыл бойындағы бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерін салыстыру.

2021-2022 жылы «Есеп шартын талдау тапсырмалары 8 сынып оқушыларының есепті дұрыс шығаруына қалай көмектеседі?» деген сұрақ бойынша іс-әрекетті зерттеу жүргізген болатынымын. Есептің шартын дұрыс түсінген оқушылар енді есеп жауабының, практикалық тапсырманың немесе эксперименттің нәтижесі қандай болуы керек деген мәселеге болжамдар жасап үйренулері керек деген ой туды. Яғни бұл зерттеу былтырғы зерттеудің жалғасы болмақ. Зерттеуді сол сыныпта жалғастырамын, яғни биыл олар 9-сынып оқушылары.

Проблемалық сұрақтар қою оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдірулеріне, басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын білулеріне, өз болжамдарын дәлелдеуге көмектесті, ал мұғалімге оқушыларды оқыту барысында оқушылардың қай деңгейде екендігін білуге көмектесті. Сонымен қатар мұғалім проблемалық сұрақты қойып қана болжамды күтіп отырмай, оқушылар болжам жасауға қиналған немесе бұрыс болжамдар жасауы мүмкін болған жағдайларда қосымша түрткі болу сұрақтарын қою арқылы дұрыс болжамға бағыт-бағдар беруге болатындығы көрінді. Бұл сабақ барысында мұғалім мен оқушылар арасындағы диалогтың өрбуін туғызды. Мысалы, екінші тоқсанда «Динамика» тарауындағы «Ньютон заңдарының тұжырымдамасын білу және түсіну» тақырыбын өту барысында «Адам денесін қабырғаға соғып алса неге ауырады?» сұрағына қоса «Оған қабырға қалай әсер етті?» немесе «Боксшы не себепті қолғап киеді?» сұрағына қоса «Қолғап кимесе не болар еді?» деген сияқты түрткі болу сұрақтарын қатар қоя отырып оқушылармен диалог құру

нәтижесінде оқушылардың Ньютонның үшінші заңының мағынасын өздері болжауға бағыт бағдар берілді. Құбылысты, мәселені біз өмір сүріп жатқан әлем деңгейінде болжау және талқылау қолжетімді әрі пайдалы болды. Бірақ микро және макро әлем үшін бұндай болжамдар жасау күрделі болып шықты.

Талқылау

Зерттеу нәтижесінің қаншалықты пайдалы болғандығын білу үшін алдын ала оқушылар арасында сауалнама жүргізу керек деп шештім. Сауалнамада оқушылар есеп жауабын, практикалық тапсырманың немесе эксперименттің нәтижесін алғанда оқушылар не нәрсеге көңіл бөлмейтіндігі туралы сұрақтар қойылды.


Өмірмен байланыстырмайды

Назар аудармайды

Өлшем бірлікке мән бермейді

Сауалнама нәтижесі (1-сурет) бойынша пайыз оқушылардың 70% тапсырманың мағынасын түсініп оны өмірмен байланыста алмайтындығы, ал 50% дұрыс өлшем бірліктерді қоя алмайтындығы анықталды.

1-сурет. Алғашқы сауалнама нәтижесі




Есептің шартын оқып оны талдап түсінгеннен соң енді бұл тапсырманың жауабы қандай болуы керек деп болжамдар жасаймыз. Бірінші тоқсанда кинематика тарауын өту барысында кездескен есептерді мұғалімнің өмірмен байланыстыра отырып қойған сұрақтарына жауап бере отырып көз алдарына елестету оқушылар үшін көп қиындықтар тудырған жоқ. Мысалы, «Қайық  $v = 2$  м/с жылдамдықпен өзен жағасына перпендикуляр бағытта қозғалып келе жатыр. Өзен ағысы оны төмен қарай  $S = 150$  м жерге алып кетеді. Мыналарды: 1) өзен ағысының жылдамдығын, 2) қайықтың өзеннен өтіп шығуға кеткен уақытын табу керек. Өзеннің ені  $S = 500$  м-ге тең». Осы сияқты есептердің шешіміне болжам жасау үшін мұғалім тарапынан сұрақтар қойылды. Өзен ағысының жылдамдығы қанша болуы мүмкін немесе өзен ағысының жылдамдығы қайық жылдамдығынан көп болуы мүмкін ба? Қайық ені 500 м болатын өзенді қиып өту үшін бірнеше секунд, минут немесе сағат уақыттың қайсысын жұмсайды? Екінші тоқсанда өтілген статика тарауын өту барысында да жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Статика тарауында да өмірмен байланысты көптеген есептер кездесті. Мысалы, «Ер адам салмағы 100 Н жүкті қозғалмай ұстап тұр. Қолының және білегінің салмағы 20 Н. Адам қолының бұлшық етіне вертикаль түсетін күштің шамасы 850 Н болса, адам қолының басынан шынтағына дейінгі ұзындығы қандай?». Осы тәріздес есептерді шығару барысында адам қолының ұзындығы 60 см болуы мүмкін бе немесе адам қолының ұзындығы 60 м болуы мүмкін бе деген сұрақтардан шаманың сан мәнімен қатар өлшем бірлігінің де маңызды роль атқаратынын аңғарту қиын емес. Сонымен қатар кинематика және статика бөлімдерінде тапсырманың суретін салуды ұсыну жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектесті. Алайда, өмірмен байланыстыра алмайтын тапсырмалар да көптеп кездесті. Сақталу заңдары бөлімін өткенде энергия мен импульс көзге көрінбейтін шамалар болғандықтан оны елестету оңай болмады. Сондықтан туындаған мәселелерге өмірмен байланыстыра отырып шешу күрделілік туғызды.

Нәтижелер

Жалпы таңдап алынған проблемалық сұрақ қою әдісі оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын арттыруға көмегін тигізгенімен оқушылардың оқу үлгеріміне көп әсер ете қойған жоқ. Оны оқушылардың тоқсандық бағаларынан аңғаруға болады (2-сурет).

2-сурет. 9-сынып оқушыларының жыл бойындағы БЖБ және ТЖБ жұмыстарының нәтижесі



#### Қорытынды

Зерттеу жұмысы барысында оқушылардың болжам жасау дағдыларын дамыту және зерттеу сұрақтарына жауап алу үшін мынадай жұмыстар атқарылды: (1) Құжаттар мен әдебиеттерге шолу жасалды; (2) Оқушылар арасында сауалнама жүргізілді және жыл бойындағы БЖБ және ТЖБ жұмыстары салыстырылды. (3) Сабақ барысына оқушылардың іс-әрекетін бақыланып сарапталды; (4) Нәтижелерден ұсыныстар шығарылды және жұмыс қорытындыланды.

Тапсырмаларды орындау барысында проблемалық сұрақтар қоя отырып болжамдар жасау дағдысының тиімді екендігі көрінді, бірақ бұл тәсіл барлық тапсырмаларға тиімді болмайтындығы анықталды. Сондықтан бұл проблемалық сұрақтар қою әдісі арқылы барлық мәселелерді шешуге болмайтындығын, тек физиканың белгілі бір салаларындағы есептерді ғана шешуге болатындығын, сонымен қатар басқа да әдіс-тәсілдерді қатар қолдана отырып мәселенің оң шешімін табуға болатындығын аңғардым. Келешекте басқа да әдіс-тәсілдерді қарастыруды жоспарлап отырмын.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Аушева И.У., Ғабдоллақызы Б. Редакциясымен, (2012). Іс-әрекеттегі зерттеу. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
2. Сагинов К.М., Атейбек С.Т., Ермагамбетова Г.Н., (2015). Ұстаз жеке тәжірибесінің зерттеуі. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. Ғабдоллақызы Б., (2014). Сыншы дос: мұғалімнің кәсіби дамуындағы ынтымақтастық тәсілі. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
4. Ермұханова Г.К., Жақсылықова Г.К., Қалиева З.С., (2015). Action Research жобасын енгізу тәжірибесінен. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
5. Абдраманова Қ.С., Жансүгірова Ж.Д., (2015). Іс-әрекеттегі зерттеу барысында деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
6. Идришева З.Е., Ултанбаева С.Е., (2015). Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу бойынша тәжірибелік нұсқаулық. Әдістемелік құрал. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
7. Mercer, N. and Littelton, K., (2007). dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach. NY: Routledge.
8. Barnes, D., (1971). Language and Learning in the Classroom. Journal of Curriculum Studies.



## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ОРЫНБАЕВА Назым Әлиқызы, НАУБАЕВА Хапиза Тәңірбергенқызы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Талдықорған, Қазақстан

orynbaeva.nazym@mail.ru

### Аңдатпа

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер отандық ғылымды бірқатар мәселелерді жаңа қырынан түсінуге, яғни олардың бірі – жалпы әлеуметтенудің негізі деп атауға болатын және экономикалық жүйенің тұрақтылығын сақтауға үлкен әсер ететін кәсіби әлеуметтендіру мәселесі. Болашақ мұғалімді кәсіби әлеуметтендірудегі психологиялық қолдау үдерісінде кәсіби көзқарастар мен құндылықтардың, кәсіби дағдылардың ұрпақтан ұрпаққа берілуінің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі және адам кәсіби өмірге бірте-бірте «енеді».

Кәсіби әлеуметтендіру үдерісі өзінің маңыздылығына байланысты тек педагогика мен әлеуметтанудың ғана емес, психология, философия, мәдениеттану сияқты басқа да ғылыми салалардың назарын аударады. Бірақ бұл үдерісті зерттеудің белгілі дәстүрлері, әдістері мен мектептері әлі қалыптаса қойған жоқ деуге болады. Әртүрлі ғылыми салалардағы зерттеулерде «кәсіби әлеуметтендіру» ұғымын қолдану тәжірибесін ескерсек те, оның анықтамасы бойынша әртүрлі көзқарастарды байқауға болады.

Кәсіби әлеуметтендірудің анықтамасын беретін бірқатар зерттеулерге сүйене отырып, біздің ойымызша, кәсіби әлеуметтендіру адамның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру үдерісі ретіндегі анықтамасын осы мәселені шешудің негізі ретінде, атап өтсек кәсіби мәдениетті меңгеру және жаңғырту үдерісі, яғни кәсіби білімді, дағдыны, кәсіби қызмет көрсету дағдыларын, сондай-ақ оларға деген шығармашылық қатынасты, мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларының жиынтығын, құндылықтардың белгілі бір жүйесін кәсіптің мақсаты мен мағынасына сәйкес келетіндей меңгеру.

Екі жақты үдеріс ретінде кәсіби әлеуметтендіру әлеуметтік және кәсіби тәжірибені, нормалар мен рөлдерді, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі өзара әрекеттесу үдерісінде әдет пен дағдыларды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар кәсіби ортаға белсенді және шығармашылық енгізу үдерісін қамтиды. Осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын ғалымдардың ғылыми айналымға енгізген «кәсібилену» ұғымына келсек, 90-жылдардағы зерттеулерге тән кәсібилендірудің мәні мен мазмұнын ғылыми бағытқа қарай анықтаудың бірнеше жолы бар.

Педагогикада кәсібилендіру кәсіптік оқыту немесе кәсіптік білім беру ретінде жеткілікті түрде тар шеңберде қарастырылады және кәсіптік бағдар беруді қоса алғанда, шамамен 15 жастан бастап кәсіптік бағдар беру кезеңін ғана қамтиды. Тәжірибе көрсеткендей кәсібилендіру кәсіптік дайындықпен бірдей.

Психологияда кәсібилікті анықтауға бірнеше көзқарас, яғни кәсіби қызметтің белгілі бір саласына түсетін тұлға; тұлғалық даму және өзін-өзі дамыту; адамның еңбек іс-әрекетіне дайындығы; кәсіби жарамдылық жетістігі ретінде қалыптасты.

Психологияда кәсібилендіру үдерісі негізінен тұлғалық қасиеттерді меңгеру, өмірлік және өзін-өзі анықтау мәселесі, кәсіби сана мен өзіндік сананы қалыптастыру позициясы жағынан зерттелетінін айта кеткен жөн.

А.К.Маркова[1], кәсібилендіруді субъектінің кәсіби профессиограммасына, идеалды маман моделіне жақындату үдерісі ретінде қарастырады. Кәсібилендіру үдерісінің тұлғалық сипатын және оның бірқатар факторларға, ең алдымен кәсібилендіру үдерісі субъектісінің белсенді қызметіне тәуелділігін атап көрсетеді. Автор кәсібилендіру үдерісін өз қабілетіне қарай мамандық таңдау, мамандықтың ережелері мен нормаларын зерттеу, кәсіби сананы қалыптастыру, кәсіпке жеке үлес қосу, жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерін дамытуды бөліп көрсетеді.

Психолог Р.М. Шамионов[2]: тұлғаның кәсібилендіру үдерісін өзін-өзі анықтау және кәсіби топқа, ортаға бейімделу, белгілі бір «қолөнерді» меңгеру үдерісі ретінде қарастырады.

«Әлеуметтендіру» және «кәсібилену» ұғымдарының арақатынасына келетін болсақ, психологтар кәсібилендіруді әлеуметтену аспектілерінің бірі ретінде, ал кәсіби маманға айналу үдерісін тұлғаның даму аспектілерінің бірі ретінде қарастырады. Мысалы, автор кәсібилендіру мен кәсіби әлеуметтендірудің арақатынасын талдай отырып, кәсібилендіру үдерісін кәсіби ортада тұлғаның әлеуметтенуі ретінде көрсетуге болады деген қорытындыға келеді.

Әлеуметтік зерттеулерде «кәсібилену» ұғымына біршама тәжірибе жинақталған. Әлеуметтік анықтамаларға сәйкес, кәсібилендіру- кәсіби қызмет үдерісі ретінде қарастырылады, ал кәсіби



қоғамдастыққа жату жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру нысандарының бірі ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік анықтамалар кәсібилендіруді кәсіп арқылы әлеуметтік мәртебеге ие болу үдерісі ретінде түсіндіреді. Әлеуметтік-экономикалық анықтамалар жұмыспен қамту саласы арқылы кәсібилендіруді адам еңбек ресурстарын дамыту және еңбек үдерісіне енгізу ретінде қарастырады. Әлеуметтанушы ғалымдардың бірқатар еңбектерінде кәсібилендіру адамның және кәсіби топтардың кәсіби қасиеттерінің даму деңгейімен анықталады.

Шетелдік әлеуметтік анықтамалық әдебиеттерде кәсібилендіру әлеуметтік мәртебе мен кәсіби артықшылықтарға ие болу тұрғысынан «жоғары әлеуметтік ұтқырлықты жүзеге асыру, демек, көбірек табыс табу және жоғары мәртебеге ие болу мүмкіндігі» ретінде қарастырылады.

Зерттелетін мәселеге көзқарастары қызықты, өйткені олар әр түрлі бағыттағы ғалымдардың көзқарастарын біріктіре отырып, кәсібилендіруді кәсіби әлеуметтенудің негізгі нысандарының бірі ретінде қарастырады және сәйкесінше кәсіби әлеуметтену мен кәсібилендірудің кейбір ортақ белгілерінің болуын көрсетеді.

В.А. Цвык [3] кәсібилендіруді жеке тұлғаның кәсіби қоғамдастыққа, кәсіби ортаға бейімделуі, мамандық бойынша қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеруі деп көрсетеді. Ғалым кәсібилендірудің әлеуметтік сипатына тоқталып, оны жеке тұлғаның жалпы әлеуметтенуінің құрамдас бөлігі деп есептейді. Автор кәсібилендіруді кәсіби әлеуметтену ретінде қарастырады және кәсібилендірудің екі кезеңін ажыратады.

Г.К. Морозова [4] «кәсібилендіру» кәсіби әлеуметтену үдерісінің психологиялық аспектілеріне әсер ететін, кәсіби дайындық үдерістерімен және аз дәрежеде ақпаратты беру үдерісімен параллельді құрайтын тар ұғым ретінде сипаттайды.

Кәсібилікті анықтаудың заманауи тәсілдері негізінен бұрыннан бар ұғымдарға негізделген. Т.А. Репина [5] кәсібилендірудің психологиялық аспектісін – «кәсіби даму» және әлеуметтік аспектісін – кәсіби әлеуметтенудің өзін ерекшелейтін кәсібиліктің қалыптасу және даму үдерісі ретінде көрсетеді.

«Кәсібилендіру» ұғымын зерттей отырып, С.И. Розум [6] оны жеке тұлғаны кәсіп құндылықтарымен, оның ішінде оның ішкі әлемімен таныстыру, кәсіби сана мен кәсіби мәдениетті қалыптастыру, белгілі бір кәсіптік ортадағы іс-әрекетке нақты дайындық деп анықтайды. Автордың ойынша кәсібилік мамандану кезеңі мен кәсіпқой болу кезеңін қамтиды.

А.И. Турчиновтың [7] еңбегінде, кәсібилендіруді зерттеу жоғары кәсіптік білім алу кезеңімен шектеледі, оны автор жеке тұлғаның орташа әлеуметтену үдерісіндегі мамандандырылған кезең ретінде сипаттайды.

А.А. Реан [8] зерттеулерінде кәсібилендірудің әрбір кезеңіне тән кәсібилендіру критерийлерін қалыптастырады және кәсібилендіруді жеке тұлғаның кәсіби санасының өзгеруінің, жаңа кәсіби білім мен дағдылардың, қызметтің жаңа формаларының және кәсіби маманнан бастап, оның дамуының реттілігі, көзқарасы, түрі, маңызды және мәнді қасиеттері ретінде қарастырады.

В.А. Мансуров [9] жеке тұлғаның мәртебелік сипаттамаларының маңыздылығын айта отырып, автор тұлғаның қоғамдағы тұрақты әлеуметтік жағдайын анықтайтын топтық құндылықтар, мораль, топтық мінез-құлық нормалары мен өмір салты арқылы кәсібилікті анықтайды.

Кәсіби топтың әлеуметтік мәртебесі оған билік жүйесінде, материалдық игілік пен беделді бөлуде бірқатар мүмкіндіктер ашатынын ескере отырып, автор «кәсібилікті» «сирек» (арнайы) ресурстармен қамтамасыз ету механизмі, яғни бұл топтар - арнайы білім мен дағдылар - әлеуметтік және экономикалық ресурстар, марапаттар ретінде қарастырады.

Т.В. Мальцева [10] және басқа авторлар, кәсібилендіру үдерісін зерттей отырып, мектеп оқушыларының әлеуметтену кезеңіне назар аударып, оны кәсібилендірудің бастапқы кезеңі, мектеп жасында қалыптасқан кәсібилендірудің бірқатар негізгі элементтерінің қалыптасу кезеңі ретінде қарастырады.

А.В. Тутомлиннің [11] еңбегінде кәсібилендіру – кәсіптік қызметтің мазмұны мен талаптарына сәйкес келетін, адамның еңбек субъектісі ретіндегі білімінің, дағдысының және нәтижелерінің ең жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жүйелілікті иеленетін субъектінің «қалыптасуы» деп атап көрсетіледі.

В. Делия [12] кәсібилендіруді: «еңбек үдерісінде игерілетін немесе жүзеге асырылатын кәсіп белгілерінің «басылуы» салдарынан адам психикасына әсер ету», - деп қарастыруды ұсынады.

В. Делия: «кәсіпқойландыру шеңберінде адамның субъективті әрекетінің нақты түрлерін қалыптастыру жеке тұлғаның іс-әрекетін дамыту және оның кәсіби маңызды сипаттамаларының жиынтығын құрылымдау негізінде жүзеге асырылады» - деп көрсетеді. Автор тұлғаның кәсіби даралануын кәсібилік деп түсінуге болады деп есептейді. Жүргізілген талдау негізінде автор





«кәсібилендіру» және «кәсіби әлеуметтендіру» ұғымдарын ажыратып, кәсібилендірудің «кәсіби әлеуметтендірудің» кеңірек категориясына бағыныштылығын көрсетеді.

Ал, С.И. Ожеговтың сөздігіндегі психологиялық қолдау ұғымының анықтамасына келетін болсақ, «кез келген құбылыс пен әрекеттен кейінгі нәрсе; біреуге еріп жүру, жақын болу, бір жерге жетелеу немесе біреудің соңынан еру», - деген мағына береді [13].

Психологиялық қолдау қызмет көрсетудің келесі бағыттарын қамтиды:

- диагностика;
- дамыту және түзету (оқыту, тренингтер, алдын- алу);
- ағартушылық және кеңес беру.

Диагностикалық кезеңде баланың дамуының әлеуметтік жағдайының тұтастығы және оның жеке және эмоционалдық ерекшеліктері анықталады. Таңдалған әдістердің тиімділігін анықтау үшін тікелей араласу кезіндегі диагностикада қолданылады. Психологиялық диагностиканың әдістемелік негізін таңдаған кезде келесі факторларға назар аудару қажет:

- сұраныс пен анықталған психологиялық проблеманы орындау;
- субъектінің жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- психологтың құзыреттілік деңгейі.

Білім беру мекемелеріндегі психолог психодиагностикасы екі жақты мәртебеге ие. Біріншіден, ол практикалық психологияның салыстырмалы дербес бағыты болып табылады, демек, психолог кеңес беруде немесе психотерапияда маманданған өзге психологтардың тапсырыстары бойынша күрделі диагностикалық жұмыстарды орындап, сол салада мамандана алады. Екіншіден, психодиагностика психологтың клиентпен жүргізілетін жұмыстың міндетті сатыларының бірін құрайды. Екі жағдайда да психодиагностика адамдардың психологқа айта келетін өмірлік қиындықтарының диагнозын жасауға мүмкіндік беретін ұстанымдардың, әдістердің, әдістемелік тәсілдер мен процедуралардың кешенін анықтайды. Психодиагностиканың өзіне тән теориялық негізі бар. Оның негізінде оны теориялық пән ретінде қарастырады. Шынымен, идеялардың академиялық психологиядан психологиялық тәжірибеге едәуір қарқынды жылжуына ықпал етіп, психодиагностикамен теориялық тұрғыда айналысуға болады [14].

Психологиялық қолдау аясындағы келесі қызмет түрі – дамыту және түзету. Дамыту және түзету диагностикадан кейін жүзеге асырылады, сәйкесінше олар қандай да бір бұзушылықтар немесе қалыптасу кешігуі бар аймақтарға бағытталған. Оны жеке де, топпен де жүргізуге болады.

Психологиялық түзету-бұл психиканың дамуы мен қызмет етуіндегі қалыптыдан қайсыбір жағымсыз ауытқуларды, мінез-құлықтық, эмоциялы, танымдық, не болмаса адамға психологиялық проблемаларды тудыратын басқа көріністерді бәсеңдетулі немесе жоюды мақсат еткен, адамның психикасына белсенді ықпал ету.

Кеңес беру және ағартушылық кезеңін бірнеше түрге бөлуге болады.

Психолог кіммен қарым-қатынас жасауына байланысты бұл балалармен, ата-аналармен немесе мұғалімдермен тікелей кеңесу болуы мүмкін.

Психологиялық кеңес беру ресми емес формада достық, туысқандық сияқты байланыстар негізінде және кәсіби жағдайларда емшінің, мұғалімнің т.б ақылы, кеңесі, жәрдемі, қолдауы, қалыптасуы, жетекшілік жасауы сияқты адам өмірінде ежелден-ақ белгілі орын алады. Психологиялық кеңес беру ұғымы бірнеше мәнге ие болады: қарым-қатынас үдерісінде жақын туыстардың, дос жарандардың және т.б бір-біріне беретін ақылдары болып табылады. Екіншіден, психолог кеңесі- нақты бір жағдайлардың адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп те түсіндіріледі.

Психологиялық білім мұғалімдерге жаңа білім мен дағдыларды меңгеру үшін де қажет:

- оқу үдерісін мазмұны жағынан да, әдістемесі жағынан да тиімді ұйымдастыру;
- студенттермен және әріптестермен сауатты қарым-қатынас орнату;
- мамандық таңдауда өзіңізді түсіну. Педагогикалық ұжыммен жұмыс істеу үшін әдетте келесі әдістер қолданылады: оқытудың белсенді әдістерін қолданатын семинарлар, психологиялық тренингтер, қажет болған жағдайда психологиялық кеңес беру.

Белсенді топтық әдістерге мыналар жатады:

- талқылау әдістері;
- ойын әдістері (дидактикалық және шығармашылық ойындар, іскерлік, рөлдік ойындар);
- сенситивт тренинг (тұлға аралық сезімталдыққа үйрету).

Ата-аналарға кеңес беру және ағарту жүйелі жұмысты қамтиды, оның негізгі мақсаты психологиялық құзыреттілікті арттыру болып табылады. Психолог баланың даму үдерісін қолдауға отбасы мүшелерінің қатысуы үшін жағдай жасауы керек. Сонымен, ата-аналармен жұмыс тек екі



бағытты қамтиды: психологиялық ағарту және бала тәрбиесі мен тұлғаны дамыту мәселелері бойынша әлеуметтік-психологиялық кеңес беру.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру келесі функцияларды орындайды:

- ата-аналарды бала дамуының мәселелері туралы ақпараттандыру;
- ата-аналар мен балалар арасындағы тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыруда консультативтік-әдістемелік көмек көрсету;

- ата-аналардан қосымша диагностикалық ақпаратты алу қажеттілігі;

- балада ауыр психологиялық мәселелер туындаған жағдайда немесе отбасындағы қиын эмоционалдық тәжірибелер мен оқиғаларға байланысты ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету.

Бұл әрекеттестік формасы баланы жақсы түсінуге көмектеседі, отбасында тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамытады және мәселелік жағдайларды шешудің жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді. Жұмысты жеке және топпен орындауға болады. Жұмыстың топтық формасы ұқсас мәселелері бар балалардың ата-аналарының өзара әрекетін қарастырады, бұл жағдайға басқа қырынан қарауға, күрделі мәселелерді шешуде тәжірибе алмасуға көмектеседі және отбасында рефлексияның дамуына ықпал етеді.

Адамның алғашқы әлеуметтенуі отбасында жүреді. Әлеуметтік педагогика әлеуметтенуді жеке адамның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру үдерісі ретінде қарастырады.

Әлеуметтену адамға мақсатты әсер етудің әлеуметтік басқарылатын үдерістерін де, оның қалыптасуына әсер ететін стихиялық, элементтік үдерістерді де қамтиды.

Әлеуметтену адамның өмір бойы әлеуметтік және мәдени құндылықтарды игеру үдерісінде қоршаған ортамен қарым-қатынаста дамуын, сонымен қатар өзін-өзі дамыту мен қоғамда жүзеге асыруды қамтиды. Бұл барлық жаста стихиялы, салыстырмалы түрде басқарылатын және мақсатты түрде жасалған өмір сүру жағдайларымен өзара әрекеттесуде пайда болатын мәдениетті жаңғырту және қайта өндіру үдерісінде адамның дамуы мен өзін-өзі өзгертуі.

Әлеуметтендіруді тұлғаның қалыптасу үдерісі, тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені (нормалар, көзқарастар, мінез-құлық үлгілері), белгілі бір қоғамға, әлеуметтік қауымдастыққа, топқа тән мәдениетті меңгеру, әлеуметтік құндылықтарды байыту, байланыстар мен әлеуметтік тәжірибе сондай-ақ кеңею үдерісі деп те атауға болады.

Осылайша, әлеуметтендіру әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтенбеген (немесе асоциалды) адамдардың қоғамның толыққанды мүшесі болуға, отбасын құруға және мансап құруға мүмкіндігі жоқ. Кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінде әлеуметтену өте маңызды. Кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл сыртқы ынталандырулардың әсерінсіз, яғни жеке қажеттіліктер мен мүдделерге негізделген кәсіби жұмыс ортасына деген көзқарасты қалыптастыру үдерісі.

Бұл өмір бойы және кәсіби қызметте болатын ішкі жеке және әлеуметтік-кәсіби талаптарды теңестірудің ұзақ үдерісі. Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның қабілетіне, қызығушылығына және бейімділігіне негізделген кәсіби бағдар мен қызмет саласын таңдауды қамтиды.

Кәсіптік бағдар беру дәстүрлі түрде келесі салаларға бөлінеді: кәсіби ақпарат, кәсіптік насихат, кәсіптік білім беру, кәсіби диагностика және кәсіптік бағдар беру. Кәсіптік бағдар беру тек педагогика мен психологиядан тыс мамандық таңдауға көмектесетін кең ауқымды қызмет түрлерін қамтиды.

Кәсіби бағыттылық пен кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымдарын ажырата білу қажет. Кәсіби бағдар беру – бұл мұғалім, психолог және ата-ананың көмегін көрсететін оқушының «бағдары», ал кәсіби өзін-өзі анықтау өзін-өзі анықтау субъектісі ретінде әрекет ететін оқушының «өзіндік бағдарымен» көбірек байланысты.

Кәсіби әлеуметтендіруді психологиялық қолдау туралы идеялардың дамуын теориялық тұрғыдан зерделеудің мынадай негізгі ережелерін тұжырымдадық.

Біріншіден, кәсіби әлеуметтендіруді психологиялық қолдау әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық ғылымдар кешенінің тоғысында қарастырылатын күрделі құбылыс. Бұл қарапайым адамның құзыретінің бір бөлігі, оның табысының негізі.

Екіншіден, кең мағынада кәсіби әлеуметтендіруді психологиялық қолдауды қалыптастырудың мақсаты – адамның өзін қоршаған әлемге: туған жеріне, қоғамына, халқына, жанды және жансыз табиғатына, материалдық және рухани құндылықтарына, өзіне, яғни өміріне деген көзқарасын дамыту, ол адамның әлемге қатынасының құндылықтар жүйесіндегі орнын білдіреді. Сонымен бірге көзқарас таңдаулы категория болып табылады, сондықтан кәсіби әлеуметтендіруді қалыптастыру үдерісінде адам саяси, экономикалық, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарды таңдау позициясына, үдерістің белсенді субъектісі позициясына қойылады.



Үшіншіден, кәсіби әлеуметтендіруді дамытудың оңтайлы үдерісін қарастыру үшін келесі факторларды зерттеу қажет: әлеуметтік-мәдени орта, отбасы, ұжым, бейресми бірлестіктер. Әлеуметтік мәдени ортаны зерттегенде оның педагогикалық әлеуеті маңызды; отбасын зерттегенде – моральдық-психологиялық климат; ұжымды зерттегенде – психологиялық климат, топтағы әлеуметтік жағдай, ұжымның ашықтығы; бейресми бірлестіктерді зерттегенде – әлеуметтік белсенділік, жағымды әлеуметтік бағыттылық, ұжымда қалыптасқан дәстүрлерге оң көзқарас.

Төртіншіден, білім беру ұйымында кәсіби әлеуметтендіруді қалыптастыруға ықпал ететін ең маңызды шарттар оның ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйеге айналуы, педагогтардың кәсіби деңгейінің жоғары болуы және білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуал болып табылады.

Бесіншіден, кәсіби әлеуметтендірудің өзін зерттегенде маңызды құрамдастарды зерделеу маңызды: денсаулық (дене дамуының көрсеткіштері, денсаулық мәдениетін меңгеру); оқыту (базалық құзыреттерді меңгеру деңгейі, оқуға деген ынта деңгейі, оқу қызметін өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі және т.б.); дамыту (өмірлік құндылықтардың мінездемесі, ашықтық, көпшілдік, төзімділік, өзін-өзі бағалау, ішкі әлеуетті жүзеге асыру, азаматтық қасиеттер, адамгершілік қасиеттер, өмірлік мақсаттар туралы идеялар, мүмкін болатын мамандық таңдау туралы идеялар және т.б.); білім беру (өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі тәрбиелеудің даму деңгейі, қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларына бағдарлану және т.б.); әлеуметтік тұрақтылық (әлеуметтік бейімделу және әлеуметтену деңгейі, әлеуметтік мобильділік және белсенділік).

Осылайша, «кәсіби әлеуметтендіру» түсінігі «психологиялық қолдау» түсінігімен тығыз байланысты, өйткені ол жеке тұлғаның мүдделері мен бейімділіктерін ескере отырып, жеке қалауларын білдіреді және біздің алдағы іс-шараларымыздың бағытын көрсетеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1.Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Междунар. гуманитар. фонд «Знание», 1996. - 56 с.;
- 2.Шамионов Р.М. Психология социального поведения личности. Саратов: Издательский центр «Наука», 2009. – 104 с .
3. Цвык В.А. Профессиональная этика:основы общей теории. Издательство: Российский университет дружбы народов, 2017.-123 с.
4. Морозова Г.К. Теоретические аспекты социализации личности. Издательство: Флинта, 2019.- 25 с.
5. Репина Т.А. Социология личности. Новосибирск, 2020.- 65 с.
6. Розум С.И. Психология социализации и социальной адаптации человека. Издательство: Речь, 2007.-89 с.
7. Турчинов А.И. Профессионализация и кадровая политика: проблемы развития теории и практики. Издательство: Флинта, 1998.- 112 с.
8. Реан А.А. Психология личности. Издательство: Питер, 2016.-62 с.
9. Мансуров В.А. Конструирование новых статусных позиций в процессе профессионализации. М.: Институт социологии РАН, 2008.- 72 с.
10. Мальцева Т.В., Реуцкая И.Е., Петров В.Е. Психологическое консультирование личности в процессе профессионализации. Издательство: РИОР, 2023.- 67 с.
11. Тутомлин А.В. Нравственно-эстетическое воспитание школьников. Глазов, 2003.- 45 с.
12. Делия В. Профессионализация в условиях современной системы инновационного образования. М.,2011.-154 с.
13. Ожегов С.И.Толковый словарь русского языка. М.,2021.-611с.
- 14.Наубаева Х.Т., Ахмедиева К.Н. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызмет.Талдықорған, 2012.-34 б.



**АБАЙДАН СОҢҒЫ КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА-ШӘКӘРІМ**  
**ОСПАНОВА Ғалия Оразбайқызы, СЛЯМБЕКОВА Айнұр Айдарқызы, ОСПАНОВ Айдар**  
**Игентайұлы**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ» КММ, М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі  
Абай облысы, Семей, Қазақстан  
galiya.ospanova.1966@mail.ru, aydar-ospanov@bk.ru, ainurik\_88@mail.ru

Құдайберді, Шәкәрім қажының әкесі 39 жасында дүниеден өткен соң Абай әкеден жастай қалған немере інісі Шәкәрімді бауырына тартып, көз қырын салып, қамқорлық жасап жүреді. Абайдың үнемі жанында болып, тәрбиесін көргені туғаннан ерекше дарынды Шәкәрімнің ерте есейуіне, рухани толысуына әсер еткені анық. Туыстық жөнінен ғана емес, ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да Абайға ең жақын адам еді. Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта шыққан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрім қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны өзгеше. [1926]

Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, прозаик, ұлы гуманист, өз заманының кемеңгер ойшылы еді. Бұдан алпыс, жетпіс жыл бұрын Абайдан соңғы ең танымал есім, Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға саналды. [1946]

XX-ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен мәдениеті қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл ақын-жазушы ретінде әбден қалыптасқан, жұртшылыққа кеңінен танылған Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды. Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруда шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. [5. 5506]

Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы, жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең өлшем-өрнектерінен, өлеңдеріне шығарған әндерінен үздік композиторлық дарынынан да анық танылады. Бұл жағынан алғанда Шәкәрімнің қазақ әдебиетінде ғана емес біз білетін көптеген халықтардың әдебиетінде, тіпті дүние жүзі әдебиетінде өте сирек кұбылыс дей аламыз.

Ол - тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиган, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған. [5.146]

Шәкәрімнің қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. Ойшыл ақын адамның ақыл парасатына айрықша зор мән береді. Ол адамның сезу, сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілеті мен нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет-сипаттарын оймен, ақылмен, логиканың күшімен танып-білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың, дүниетану мен моральдың негізі ақыл деп санайды. Таза, парасатты ақыл қандай да нәрсені, құбылысты дұрыс түсініп, бағалауға, ақ-қараны айыра білуге мүмкіндік береді, сондықтан « ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау» деп түйіндейді. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім бар жерде ғана таза ақыл болады, яғни адал ниетпен ақылға билетіп, ешкімге қиянат қылмай істелген іс адамды мұратқа жеткізеді деген ой түйеді.

Дүниетанымның, ғылымның да негізгі тірегі-ақыл, ой- ойлау қабілетінің қуаттылығы, ой-тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды.

Шәкәрім, ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір-болмыстың дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып-түсіну мағынасында алып қарайды. [5.30.127.2876]

Шәкәрімнің дүниенің, жаратылыстың қозғаушы күші; адам өмірінің, тіршіліктің мәні мен сыры, жан мен тән секілді мәселелерді ғылыми ұғым түсініктермен ұштастыра толғайтын философиялық өлеңдері өз алдына бір тақырыптық арна болып қалыптасты. Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға сенімі оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі «сансыз кереметті кім жаратса-тәңірі сол» дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан Аллаға сену-ақиқатты іздеу, адалдыққа ақылмен жету деп түсінеді. Ақынның ойшылдығы оның дүние болмыстың терең сырларын тауып, білуге құмарлығын мысалы, дүние қалай жаралған деген мәселеге айрықша көңіл қойып, тиянақты жауап іздеп, сол арқылы « ең түпкі жаратушы-мінсіз ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз. Мысалы, «Тау бойындағы ой» деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес; ойлау, топшылау арқылы анықталған дегенді айтады. Бұл жерде және басқа да өлеңдерінде Шәкәрім дүниеде



таңғаларлық нәрсе өте көп, алайда бәріндеде заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, « себебі толымдының ісі толық» дейді. Яғни, бұдан дүеиенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті де шексіз деген мағына туады.

Шәкәрімнің философиялық пікір сонылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуалдық сипат алған. [19.39.127.143.216 б]

Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да іс-әрекетті ақылмен сынауды басты моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

Сонымен қатар, ақынның өмірдің өкініші аз болмайтынын айта отырып, ақыл-парасаттылық, ой тазалығы, адамның уайым-қайғыға бой алдырмай саналы қылық қылуына басшы болады деп пайымдайды.

«Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл»- дей отырып, әр адам өз қабілетін дұрыс бағалай біліп, өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылуы қажет екенін, өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп, соған орай әрекет қылғанда ғана адам сәтсіздікке ұшырамайтынын мейлінше дәлелді етіп көрсетеді. Адам өзіне өзі сыншы болып, өмірге саналы көзбен қарауға үйренсе әр нәрсенің себеп-салдарын анықтатып біле алады, сонда ол өз ісінің сәтсіздігін өзгеден көрмей нақтылы жағдайды дұрыс бағалап, содан өзі сабақ алады деген үлкен ғибраттылық мәні бар түйінді ой қорытады. [6.86]

Шәкәрім арнайы оқу орындарын бітірмеседе, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілдерінде жетік біледі. Ол классикалық шығыс поэзиясын, орыс және еуропа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырды. [4726]

Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді, оқу іздену аймағын кеңейте түседі. Дінтану емес, ел тану, жер көру мақсатында қажыға барып қайтады. Бұл сапар оның ой-өрісін кеңейтеді, ақын қазақ халқы дін қуған мұсылманшылық жолын емес, ғылым-білім қуған Еуропа халқының жолын таңдауы керек деген ойға беки түседі. Осы кезде өзі көптен әуестеніп жүрген толстойшылық идеясына біржола берілген ақын өмірден баз кешіп, жұрттан аулақтайды да Шыңғыс тауының күнгей сыртындағы Шақпақ дейтін жерде таза әдеби қызметпен ғана айналысады, қысы-жазы жападан-жалғыз жатады. Шақпақ-жер аты, Шыңғыстау сырт жайлауындағы атақты қоныс. Шақпақ үлкен жоталы тау. Жота-Балашақпақ орта үлкен шақпақ деп бөлініп аталады. Балашақпақ баурымен Байқошқар өзені ағады. Шәкәрім бұл өлкеге өз шығармасында үлкен орын берген. Өйткені, оның өмірінің соңғы отыз жылдық ғұмыры осы өңірде, оңашалықта шығармашылықпен өткізеді. Содан да болар, Шәкәрім жайлауының ертедегі тарихын баян етуге «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасын арнаған. Шәкәрім шығармалары бұнымен шектеліп қалмаған, жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстаған. Ұлы Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі реалист ақын болған. Шәкәрім шығармалары сан-салалығымен өлеңдерімен, дастан, поэма, романдарымен ерекшеленеді. [219.78-796]

Шәкәрімнің шығармалары сансыз қолжазба, сауатты, сауатсыз көшірмелер арқылы бүкіл қазақ даласына тараған. Шәкәрімнің өз басының тағдыры мен даналық сөздерінің тағдыры – күрделі, әрі ғибратты. Оның өмір салты мен мол мұрасы-адамзат үшін субстанциялық мәндегі құндылық. Өзі-данашпан, сөзі- даналық. Шәкәрім- даналыққа құштарлықтан шыққан. Өнермен ғылымды, философия мен дін, тарихпен өмірді ала отырып, «Ар ілімі» жүйесін жасаған. Қазіргі таңда ол ілім адамзатқа ортақ. [181.241 б]

«Жаралыс басы - қозғалыс» деген Шәкәрім, жаратушы, жаралыс, жаратылыс, нәм мәңгілік мәселелер туралы да өрісті – өзекті сөз айтқан.

Шәкәрімнің шығармалары мен еңбектерінің мазмұндық құрылымында онтологиялық және антропологиялық, көркемдік пен эстетикалық, сопылық пен теологиялық, адамдықпен ұждан сияқты ұғым мәдениетінің мұхиттай шалқуы, оның шығармашылық қуат көкжиегінің шексіздігін байқатады.

Шәкәрімнің мұрасы-адамдықтың өлшемі.

Қорыта келгенде, ұлы кемеңгер, халық ұстазы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларымен өскелең ұрпақты жете таныстырып, ұлттық педагогиканың алдында тұрған міндеттердің бірі. қазақ халқының ойшыл кемеңгер біртуар ғұламаларының қайталанбас еңбектеріне терең көз жүгіртіп, тәрбиелік құрал ретінде таныстырып, үнемі қолданыста пайдалана білуімізде!..

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. З.Ахметов таңдамалы шығармалары 1 том «Ана тілі» баспасы 2008 192 -194 б. 2086.



2. А.Еспенбетов. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Алматы «Раритет» баспасы. 2008 ж.
3. Е.Сыдықов. Шәкәрімтану мәселелері 1 кітап. «Семей-Новосібір» баспасы 56.146
4. Е.Сыдықов. Шәкәрімтану мәселелері 2 кітап. «Семей-Новосібір» баспасы 56;306;127;2876
5. Е.Сыдықов. Шәкәрімтану мәселелері 3 кітап. «Семей-Новосібір» баспасы 19;39;127;143;2166.
6. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар жинағы. «Жалын» баспасы 1988 ж. 6-8 б.
7. Алаш және әдебиет. Ғылыми жинақ. 1 кітап 219 б; 4 кітап 786;796.
8. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы 9 том 472 б
9. Е.Сыдықов. Шәкәрімтану мәселелері 4 том. «Раритет» баспасы 2007ж. 1816.2416
10. Қазақ әдебиеті анықтамасы «Аруна» баспасы 2005ж. 550бет
11. Қ.Мұхамедханов 3 том «Алаш» баспасы 2005ж. 56.

## **ЎЗБЕКИСТОННИНГ ЧЎЛЛАРИДА ТУРИЗМНИНГ ИСТИҚБОЛЛИ ТУРЛАРИ БИЛАН ТУРИЗМНИ ТАШКИЛ ҚИЛИШ ВА РИВОЖЛАНТИРИШ СТРАТЕГИЯЛАРИ**

**РАХМАТУЛЛА Хайитбоев**

Самарқанд иқтисодиёт ва сервис институти  
Самарқанд, Ўзбекистон  
temursayyoh@mail.ru

Кириш. Мамлакатимиз эркин бозор муносабатларига ўтиши билан қишлоқларимизнинг хўжалик юритиши фаолиятларида кескин ўзгаришлар юз берди. Айниқса, ҳудудий жойлашувлар жиҳатидан ноқулай, узоқ қишлоқларда ишсизликнинг келиб чиқиши натижаси да ёшларнинг кучли иш излаш миграцияси келиб чиқди. Бу ҳолат албатда ҳудудий қишлоқ хўжалик маҳсулотларини ишлаб чиқаришда нотекисликни ва анча жиддий бўлган салбий муҳитларни келтириб чиқарди, қишлоқ аҳолисининг даромадини пасайтирди, ёшларнинг иш излаб хорижий давлатларга кетиб қолиши тобора кучайиб бориши кузатилмоқда.

Қишлоқларимизда бу мураккаб вазиятлардан чиқишнинг альтернатив-истикболли йўллари билан бири, қишлоқ туризмини ривожлантириш ҳисобланади. Жаҳонда қишлоқ туризми ривожланишидаги илмий тадқиқотларнинг натижаларидан маълумки, қишлоқ аҳолисининг иш билан бандлигини таъминловчи ва қишлоқ ҳудудларини ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг истикболли йўналишларидан бири қишлоқ туризмини ривожлантириш ҳисобланади [5].

Мавзунинг долзарблилиги. Чўлларимиздаги аҳоли асосан чўлларнинг қишлоқлари ва овулларида яшаб келмоқда. Уларнинг олдидаги қуйидаги муаммолар ўта жиддий ижтимоий-иқтисодий инқироз муҳитларини келтириб чиқармоқда:

-Узоқ йиллар мобайнида чўлларнинг ўсимликлар ресурсларидан режасиз, назоратсиз фойдаланиш натижасида чўл ҳудудларида экологик мувозанатнинг бузила бошланганлиги, биологик хилма-хилликнинг инқирозга учраётганлиги, бу нохуш жараёнлар йилдан-йилга тобора кучайиб бораётганлиги натижасида маҳаллий аҳолининг ишсизлиги даражаларининг ошиб бораётганлиги;

-Ййловларнинг ҳосилдорлиги пасайиб, чўлларда яшаётган аҳолининг яшаш ҳаёти тарзи, ижтимоий-иқтисодий ҳолатини белгиловчи чорвани сақлаш ва ривожлантиришнинг тобора кийинлашиб бораётганлиги натижасида ишсизликнинг кучайиб бораётганлиги;

-Кичик бизнес ва хусусий тадбиркорликни ташкил қилиш манбалари ва объектларининг йўқлиги натижасида янги иш ўринларини ҳосил қилиш имкониятларининг чегараланганлиги ўз навбатида чўлликлар оиласида ишсизликни келтириб чиқараётганлиги.

Танланган мавзунинг долзарблиги, Ўзбекистоннинг 70% ҳудудларини эгаллаган чўл минтақаларида туризмнинг ривожлантиришнинг ижтимоий-иқтисодий йўналишлар бўйича об'ектив-заруриятнинг юзага келиб чиққанлиги

мамлакатимизда миллий туризм соҳасини ривожлантиришда қайд қилинган масалалар мавзунинг долзарблигини тушуниб олишга асос бўлди.

Тадқиқотнинг натижалари. Ўзбекистон Республикасининг Президенти Шавкат Мирзиёевнинг «Ўзбекистон Республикасининг туризм соҳасини жадал ривожлантиришни таъминлаш чора-тадбирлари тўғрисида»ги 2016 йил 2-декабрдаги ПФ-4861 сонли Фармонида [1]:-ички, кириш ва чиқиш туризмини комплекс ривожлантиришнинг миллий ва ҳудудий дастурларини ишлаб чиқиш ва амалга ошириш” белгиланган.


Фармонга асосланган ҳолда таъкидлаш мумкинки, мамлакатимизда миллий туризмни истикболда ривожлантирилиши режалаштирилган туризмнинг турлари ва соҳаларини янги

худудларда ва минтақаларда ташкил этиш, янги туризм йўналишларини, марказларини шакллантириш туризм соҳасидаги энг долзарб муаммолар ҳисобланади. Бу фармон мамлакатимиз худудларидаги аҳолининг ижтимоий-иқтисодий ҳаёти даражаларини бир текис ривожлантиришда туризм соҳасидан фойдаланиш имкониятларини излаш, муаммоларини илмий-амалий тадқиқ қилишда, туризмни катта худудларда ва минтақаларда ривожлантиришнинг ҳуқуқий-меъёрий асослари ҳисобланади. Шунинг учун ҳам, туризм соҳасини ривожлантиришдаги илмий-амалий тадқиқотлар фақат, ҳозиргидек алоҳида вилоят ёки маъмурий бирликларда эмас балки, мамлакатимизнинг катта худудларини, минтақаларини қамраб олиши лозим[4].

Ўзбекистон Республикаси Президентининг «Ўзбекистон Республикаси туризм салоҳиятини ривожлантириш учун қулай шароитлар яратиш бўйича қўшимча ташкилий чора-тадбирлар тўғрисида»ги 2018 йил 3 февралдаги ПФ-5326-сон Фармонни ижро этиш, шунингдек, Республикада халқаро туристлар оқимини кўпайтириш, кириш туризмни миллий иқтисодиётнинг муҳим тармоқларидан бирига айлантириш, мамлакатнинг маданий-тарихий мероси ва табиий бойликларини кенг тарғиб қилиш мақсадида «Кириш туризмни ривожлантириш чора-тадбирлари тўғрисида» 2018 йил 6 февралда ПҚ-3509-сонли Қарорни[2] имзолади.

Ўзбекистон Республикаси Президентининг «Ўзбекистон Республикаси туризм салоҳиятини ривожлантириш учун қулай шарт-шароитлар яратиш бўйича қўшимча ташкилий чора-тадбирлар тўғрисида»ги 2018 йил 3 февралдаги ПФ-5326-сон Фармони[3] ижросини таъминлаш, шунингдек, худудларни барқарор ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг энг муҳим омилларидан бири сифатида ички туризмни жадал ривожлантириш, фуқароларни мамлакатимизнинг маданий-тарихий мероси ҳамда табиий бойликлари билан таништириш мақсадида 2018 йил 7 февралда ПҚ-3514-сонли Қарорини қабул қилди.

Ўзбекистоннинг чўл минтақаларида туризм соҳасини ривожлантиришда чўл минтақаларида жойлашган вилоятлар ҳокимликлари ҳукуматимизнинг туризмни ривожлантиришдаги ҳуқуқий-меъёрий асослар доирасида иш кўришлари ва ташаббускор бўлиши лозим. Чўл минтақалари улкан худудларни қамраб олганлигидан вилоятлардаги туризмни ривожлантириш бошқармалари нинг туманлар ҳокимликларида ҳам штат бирлигидаги вакили бўлиши керак.




1-Расм. Чўл минтақаларида туризмнинг соҳаларини ва турларини ташкил қилиш ва ривожлантириш тизими

Келтирилган мулоҳазалардан маълум бўладики чўл минтақаларида ички туризмни ҳам, халқаро туризмни ҳам ривожлантирувчи туризм ресурслари мавжуд. Шунинг учун ҳам, чўл минтақаларида фаолият кўрсатувчи ва ташкил қилинувчи туристик фирмалар ва туристик

ташкilotлар туризмнинг қайд қилинган йўналишларига ва туризмнинг турларига ихтисослашган бўлиши талаб қилинади. Мамлакатимизнинг миллий туризмида ўзаро ҳамкорлик ва бири-бирини қўллаб қувватлаш жуда суғ даражаларда ҳисобланади. Европа давлатларида бу ҳолатнинг акси.

Шунинг учун ҳам, “Чўл минтақаларида туризмни ривожлантириш» ихтиёрий-ташаббус Маркази”(1-Расм)ни ташкил қилиш вилоят ҳокимликлари нинг ўз вилоятлари худудларида туризмни бир текис ривожлантиришига ёрдам беради. Ўзбекистоннинг чўлларидаги туризм ресурсларини ўрганиш ва улардан фойдаланиб чўлларимизда туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришни қуйидаги 2 та истиқболли стратегик йўналишларда бошласак мақсадли бўлади[6]:

I-СТРАТЕГИК ЙўНАЛИШ-Ўзбекистоннинг чўлларида туризмнинг истиқболли турлари билан халқаро туризмни ташкил қилиш ва ривожлантириш-2-Расм.



2-Расм.Ўзбекистоннинг чўлларида халқаро туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришда I-Стратегик йўналишни амалга оширишнинг ташкилий-таркибий тузилмаси

Чўл минтақаларида халқаро туризмни ривожлантиришда эса анча тўсиқларга дуч келишимиз мумкин. Бу тўсиқлардан ўтиш учун биринчидан, чўл минтақаларида халқаро туризмни ривожлантиришнинг ҳуқуқий-меъёрий асослари яратилган бўлиши керак. Бу ҳуқуқий меъёрлар туризмнинг турлари бўйича чўл минтақалари даги қайси туристик ресурслардан халқаро туризмда фойдаланиш мумкинлигини ва фойдаланиш имкониятларини аниқлаб бериши лозим.

Келтирилган фикр, мулоҳазалар бўйича дастлабки вақтларда Ўзбекистон нинг чўл минтақаларида халқаро туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришни туризмнинг қуйидаги истиқболли турлари билан ривожлантириш мақсадли бўлади.Чўллардаги халқаро аҳамиятдаги зиёратгоҳларга, чўллардаги халқаро экотуризм объектларига экскурсиялар, Чўллардаги халқаро археология туризми объектларига экскурсиялар ташкил қилиш орқали халқаро туризмни ривожлантириш мумкин.

Ўзбекистон Республикаси маданият ва туризм вазирлигининг Қорақалпоғистон Республикасидаги маданият ва туризм департаментининг маълумотлари бўйича биргина бу республикадаги қадимги, эрамиздан олдинги V-III асрларда Хоразмшоҳларнинг сарой-қалъалари харобаларига жаҳоннинг 81 давлатларидан халқаро туристлар келиб-кетишмоқда. Шунинг учун ҳам чўлларимизда халқаро туризмни ривожлантириш истиқболли ҳисобланади.

II-СТРАТЕГИК ЙўНАЛИШ-Ўзбекистоннинг чўлларида ички туризмни ташкил қилиш ва ривожлантириш(3-Расм).





3-Расм. Ўзбекистоннинг чўлларида ички туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришда II-Стратегик йўналишни амалга оширишнинг ташкилий-таркибий тузилмаси

III-СТРАТЕГИК ЙЎНАЛИШ-Чўлларидаги аҳолининг ҳаёти тарзи, миллий маҳсулотлари ва миллий ўйинлари (миллий мероси бойликлари) билан ички ва халқаро туризмни ривожлантириш(4-Расм).Чўл халқининг миллий ўйинлари. Чўлликларнинг миллий ўйинларининг турлари жуда кўп ҳисобланади. Ватанимизда кўпқари миллий ўйини вилоятларимизнинг барчасида ривожланган ва ҳозирда кўпқари ўйинлари тўлиқ тикланган.Чўлда очик майдонларнинг кўплиги ва от сақлашнинг имкониятлари анча яхшилигидан чўлликлар бу ўйинни оила тўйларида, байрамларда ташкил қилишади. Чўл минтақаларида туризмни ташкил қилишда бу ўйиндан самарали фойдаланиш режаларини тадбиркорлар мукамал қилиб ишлаб чиқишлари керак.

